

(Жалғасы 9-бетте)

БИЛІК

ҚОҒАМ

Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің соңғы жобасы қызу талқыланып, қоғам тарапынан қолдау тапты. Бұл туралы мемлекет басшысы Президент Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков пен Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Марат Тәжінді қабылдағанда айтты.

Елбасы «Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің ұсынылған жобасын бекіту туралы Жарлық шығару қажет. Комиссия жұмысын аяқтады. Соңғы нұсқа жарияланды. Ғалымдар, тілтанушылар, саясаткерлер, жастар және Қазақстан Халқы ассамблеясының өкілдері ортақ мәмілеге келді. Жалпы, қоғам қолдап отыр», — деді. Мемлекет басшысы қазақ әліпбиін латын қарпіне кезең-кезеңмен және жүйелі түрде көшірудің маңыздылығына назар аударды. Сонымен қатар Қазақстан Президентіне мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жобаны іске асыру үшін құрылған жұмыс тобының атқарған қызметі туралы баяндалды.

(Өз тіліміміз)



ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

600

тонна сапасыз жеміс-жидек өл шекарасынан өтпей, Қырғызстанға кері қайтарылды

82

млн теңге. Ақтауда алаяқтар 11 адамға шетелден көлік әкеп береміз – деп алдап кеткен

100

Жалған науқас қағазын жасаған азамат осынша сағатқа қоғамдық жұмысқа жегілді

Бетбұрыс

Жоғары сапалы бензин шығаратын Павлодар мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл туралы энергетика министрі Қанат Бозымбаев хабарлады.

ҚАРАШАДА ЖАНАРМАЙ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында министр бейсенбі күні іске

желтоқсанда каталитикалық крекинг кондырғысы орнатылуы тиіс», — деді.

7 сөз

Көлігіне «Ш» белгісін тақпаған жүргізуші жауапқа тартылмайды

Сөз-Жөбе

Данияр АҚЫШЕВ, Ұлттық банк төрағасы:

«Кәсіби тұрғыдан алып қарасам да, мен әліге дейін криптовалютаның не екенін түсінбеймін. Ұлттық валютаны криптовалютамен есептеуге шектеу қойып, криптовалютамен жұмыс істейтін компаниялардың қызметіне тыйым салу секілді шарттарды күшейтуді ұсындық. Криптовалюта арқылы инвестициялауды қалайтындардың активін сақтаумен қазір ешкім айналысқысы келмейді. Егер бұл құралдан шикілік шықса, бұған инвестиция салғандарға не болады? Олар мемлекетке «Неге уақытыңда ескертпеңіздер?» — деп келетінін біліп тұрмын. Сол себепті мұндай әрекет қауіпті екенін қазір ескертемін»

Заң

100 ТЕҢГЕ ҮШІН АЙЫППҰЛ

Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылады.

Әділет министрі Марат Бекетаевқа Мәжіліс депутаты Анар Жайылғанова болмашы қателігі үшін жауапкершіліктен босату туралы норманың заңда жоқтығына байланысты сұрақ қойды. Аталған ведомства басшысы өз жауабында бұл норманы енгізуге мемлекеттік мекемелер арасында келісімге келе алмағандығын атап өтті. Ал Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин депутаттардың аландаушылығын қолдайтынын мысалмен келтірді. Ол өзіне келген павлодарлық кәсіпкер Тұрсынхановтың хатын оқып беріп, 212 100 теңгенің орнына 212 000 теңге төлегені үшін 318 150 теңге айыппұл аркалағанын айтты. Осы орайда Н.Нығматулин «Біз бизнес үшін қолайлы жағдай жасап жатырмыз деп мәлімдеп жүрміз. Жоғарыда аталған норманы қайтару керек. Жаза деңгейі жасалған құқық бұзушылыққа сәйкес болуы тиіс», — деді.

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, Астана қаласы

Бір анығы

«Қытайдың мәліметі бойынша, 2016 жылы Қырғызстан мен Қытай арасындағы импорт көлемі 2,6 млрд долларды құраған. Ал Қырғызстанның дәрегі бойынша 900 миллион доллар. Бұл қырғыз өліндегі кедендік бақылаудың әлсіздігін көрсетеді. Қазақ-қырғыз шекарасындағы бақылаудың күшейтілуі Қырғызстанға қарсы жасалып отырған шара емес. Біз сол өлден келіп жатқан жүк көліктерінің заңсыздыққа жол беріп отырғанын анықтаудамыз». Еліміздің үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев Ереванда өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында осылай деді. Қазақстан, Қырғызстан, Армения, Беларусь және Ресейдің үкімет басшылары қатысқан жиында мұнай, газ және электр энергиясының бірыңғай нарығын қалыптастыру, сонымен қатар Еуразиялық одақтың кедендік аумағында тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу бойынша кешенді іс-шаралар қабылдау мәселесі талқыланды. Осыған орай қазақ-қырғыз шекарасындағы көлік бақылауына қатысты пікір білдірген сарапшы, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаевтың «ҚазАқпаратқа» берген пікірін назарыңызға ұсынып отырмыз.

«КӨЛЕҢКЕЛІ ИМПОРТҚА» ЖОЛ ЖОҚ

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев Ереванда өткен Еуразия үкіметаралық кеңесінде ЕАЭО елдерінің Қытаймен сауда-саттық қарым-қатынасы турасында дәлелді дерек келтірді. Ол мәліметтерде Еуразия экономикалық одағына кіргелі бері Қырғызстанға «көлеңкелі импорттың» мөлшері артып кеткені көрсетілген.

Қазақстан тарапы кедендік бақылауды алып тастаған жағдайда Қырғызстанмен шекарада көлеңкелі тауар ағыны жаулап алатынына аландап отыр. Бұл жағдай Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразия экономикалық одағы кеңестігіне айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Қойылған сұрақтар бойынша қырғыз тарапы ешқандай жауап бермей отыр. Ішінде 43 пункт бар «Жол картасы» әзірленіп жатқаны айтылды. Бірақ оған қазіргі уақытта қол

жауапкершілікті өз мойнына алып қана қоймай, мәселені шешу жолында нақты қадамға баруы керек секілді. Өйткені проблеманың бар екені көзге ұрып тұр. Барды бар деп айтып отырғанымен, мәселенің шешілуі жолында Қырғызстан ештеңе жасамай отыр. Қырғызстан билігінде аталған мәселені шешуге қарсылық танытып отырған құзырлы бенефициарлар да бар деген пікірлер айтылып жүр. Қырғызстан ЕАЭО құрамына енгеннен кейін Қазақстан ол тараптың «сұр импортқа» қатысты әрекетіне көз жұма қарап келді. Бұл мәселе күні бүгінге дейін шешімін таппай отырғандықтан, біз өз нарығымызды қорғауымыз керек. Әлбетте, аздаған өзгеріс болуы мүмкін. Бірақ бәрібір мәселе өзекті күйінде қалады. Мұны ретке келтірудің бір-ақ

қойылған жоқ. Менің білуімше, ол құжатқа қырғыз тарапы қол қоймай отыр. Жеке өз басым Қазақстан тарапының аумағына заңсыз тауар мен «көлеңкелі импорттың» енуіне тосқауыл қоюға, тәртіп орнатуға деген әрекетін қолдаймын. Қазақстан «көлеңкелі импорттың» кесірінен жылына 162 млн доллар қаражат жоғалтады. Меніңше, қырғыз тарапы

қана жолын Қазақстан жүзеге асырып отыр. Ол – тауар өндірушілік немесе ешқандай коммерциялық құжатсыз келген шекарадағы тауарға бақылау орнатып, жарамайтын тауарды кері қайтарып отыру. Меніңше, Қазақстан тарапы өз ұстанымын Қырғызстан бұл мәселені ретке келтіргенше өзгертеу керек.

Рахым ОШАҚБАЕВ, сарапшы

– Қырғыз билігі еліміз тарапынан ұсынылған көмектен бас тартты. Енді бұл ақша қандай салаға бағытталады деп ойлайсыз?

Сағалы

Алғашың

Жауабы

Мәулен ӘШІМБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

– Бұл қомақты қаржы. Қазіргі заманда 100 миллион доллар аз ақша емес екенін түсінеміз. Қазақстанда бұл қаржыны жаратуға болатын сала мен бағыт табылатынына мен сенімдімін. Бірінші кезекте, әрине, әлеуметтік сала назарда болуға тиіс. Еліміз алдында тұрған мақсат-міндет көп. Сондықтан бұл қаржы елдің игілігіне жұмсалады деп сенім білдіремін.

Нәтиже

Осы аптада Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапарымен Алматыға келді. Үкімет басшысы мемлекеттік бағдарламалармен, Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы міндеттерінің іске асырылуымен, сондай-ақ қаржы секторын дамыту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, өндірістік инновацияларды енгізу және қаланың көлік жүйесін жақсарту шараларымен танысты.

Алматыға келген бойда, үкімет басшысы бірінші кезекте қала әуежайын кешенді жаңғырту жоспарымен танысты. Айта кету керек, әуе айлағы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы географиялық қолайлы жерде орналасқан. Өнердің транзиттік әлеуетін арттыруға жол ашады.

Бүгінде Алматы әуежайынан шамамен 40 әуе компаниясы тәулігіне 150-ден астам рейс жасайды. Жоба аясында транзиттік аймақтарды және жолаушылар терминалының үшу залдарын кеңейту жоспары бар. Бұл жолаушылар мен жүк тасымалдарының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан кейін Премьер-Министр екінші деңгейлі банктердің басшыларымен және еліміздің қаржы секторының ірі қатысушыларымен кездесу өткізді.

Кенес барысында бірқатар аса өзекті тақырыптар талқыланды. Соның ішінде елімізде электрондық сауданы дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған «Жол картасының» жобасын, Зейнетақы жинақтау қорының және Міндетті медициналық сақтандыру қорының активтерін басқару мәселелерін, сондай-ақ жеке



КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ БАР

Іс-шара барысында ұлттық экономика министрі Тимур Сулейменов «Стратегиялық жоспар-2025» жобасы аясында бизнес ортаны дамыту туралы баяндама жасады.

Кездесуге қатысушылар бірқатар мәселені талқылады. Оның ішінде қаладағы автобус бағыттарын субсидиялау, салық өкімшілігін цифрландыру, кеңес беруші мекемелер жұмысының тиімділігін арттыру, жер телімдері туралы ақпаратқа онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз ету, шағын индустриялық аймақтар құру және Алматыда кәсіпкерлерге көмек көрсетуге арналған толық форматты орталық ашу бар.

Б.Сағынтаев шағын және орта бизнесті дамыту үкімет жұмысының маңызды басымдықтарының бірі болып табылатынын, мұндағы негізгі мақсат — отандық бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау екенін атап өтті.

Бұл мәселеде бірнеше бағытта, атап айтқанда, қаржылық қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазір 13 мыңнан астам бизнес жоба қаржыландырылды. Жұмысын қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы қабылданды. Оның аясында атаулы мөлшерлемесі 6 пайыздан аспайтын 18 млн теңгеге дейін шағын несие

ұсынылады. Қаржылай қолдаудан басқа заңнамалық көмек те көрсетіледі. Бизнесті қайта реттеу бойынша шаралар қабылданады. Бүгінгі таңда рұқсат саны үш еседен аса қысқарды. Мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын тексеру жүргізілді. Ішінара тексеру жүргізудің қазіргі тәртібі мен ерекше тәртіп бойынша тексерулердің көп

бөлігінен бас тартуды көздейтін практикалық ұсыныстар әзірленді.

Сондай-ақ бизнестің мемлекеттік органдарға есеп пен мәлімет ұсыну тұрғысынан заңнаманы тексеру жұмыстары аяқталды. Жүргізілген жұмыстың бірінші кезеңінде шамамен 1600 ақпараттық талапты 30 қысқарту қысқарту жоспарланған.

Бұдан басқа, бизнестің мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор сатып алуларына қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында көп жұмыс атқарылды. Бұл бағытта сатып алулардың электронды алаңы, санаттылық және біліктілік алды іріктеу жүйесі енгізілді. Сондай-ақ әрбір жүйе құраушы кәсіпорын бойынша жергілікті қамту үлесін арттыру жұмысы жүргізілуде. Атап айтқанда, өнім номенклатурасын және ірі кәсіпорындарда сұранысты қалыптастыру үшін тағдау жүргізіледі.

Премьер-Министр бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтуге қатысты мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысымен де танысты.

Бірінші кезекте Бақытжан Сағынтаев Magnum Cash&Carry ЖШС-ні аралап, ондағы сауда желісінің қызметімен танысты. Премьер-Министр шаруашылық және азық-түлік тауарлары, нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер, жеміс-көкөніс және ет-сүт өнімдері қойылған бөліктерді аралап көріп шықты. Өз кезегінде аталған сауда орнының басшысы Александр Гарбер жергілікті өндірушілердің өнімін өткізуге және әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бөлшек сауда бағасын қалыптастыруға қатысты түсініктеме берді.

Бұдан кейін үкімет басшысы «ЭФКО Алматы» ЖШС май өнімдерін өндіретін кәсіпорынға барды. Ондағы май өндіру кешенін қайта құру және жаңғырту жұмыстарымен танысты. Айта кеткен жөн, жаңғыртудан кейін компания жоғары әлемдік стандарттарға сай май және маргарин өндірісін реттеуге қол жеткізді. Бұл ішкі нарықтың қажеттілігін қамтумен қоса, өндірген өнімді Орталық Азия елдері мен Қытайға сатуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, ел мәртебесін май өнімдерін «нетто-

QOŪAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

импорттаушыдан» «нетто-экспорттаушыға» алмастырды. Инвестиция көлемі 11 млрд теңгеден асқан «ЭФКО Алматы» май кластерін құр жобасын сәтті іске асырған соң, ол Алматының Индустриаландыру картасына және «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасына енгізілді.

Б.Сағынтаев биыл ғана есігін айқара ашқан

Алматы әкімінің орынбасары Сұлтанбек Мәкежанов біріншай сәулет стилі аясында ғимараттардың алдыңғы жағын жанарту және ағаш отырғызу бойынша жүргізілген жұмыс туралы баяндады. Бұдан өзге, мұнда спорт және балалар ойнайтын алаңдар ашылған. Су тартатын тиімді жүйе бар.

Аталған реконструкцияның осы жазда Алматы әкімдігі бастамашылық еткен жаяу жүргіншілер көшесі бойынша көлемді жобасының бір бөлігі екенін айта кеткен жөн. Жоспар бойынша «Арбат» (Қонаев көшесінен бастап Желтоқсанға дейін Жібек жолы),

Панфилов көшесінің бір бөлігі мен «Астана» алаңы тұтастай жаяу жүргіншілерге арналады. Гоголь және Кабанбай батыр көшелерінің жартысы жаяу жүргіншілерге арналады.

Одан кейін Б. Сағынтаев Алматы әкімдігінің жаңа автокөліктері мен арнайы техникасын қарап шықты. Әкім орынбасары Мұрат Дәрібаев жол қозғалысын ұйымдастырудың кешенді жоспары, «Онай» жол ақысын төлейтін автоматтандырылған жүйе жұмысы туралы, қала дағдарысының алдын алу бағдарламасы туралы айтып берді.

Биылғы жоспар бойынша, оңтүстік астанада 146 шақырым жол жөндеу, 97 мың м² жаяу жүргінші жолын салу, 57 көшеде 42,2 шақырым



«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Руслан Асаубаев OpenAlmaty қызметі туралы баяндап, осында көрсетілетін қызметтер, жауапты мемлекеттік мекемелер мен SmArt. Point коворкинг-орталығының алаңында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы айтып берді.

Бұдан кейін Премьер-Министр дат сәулетшісі Ян Гейлдің жобасымен жаңғыртылған Панфилов және Жібек жолы көшелеріне барды.

арық жүйесі қайта жөндеу, 14,7 шақырымына құрылыс жұмыстарын жүргізу, 32 шақырым жылу желісін жөндеу көзделген. Бұдан өзге, «Әйгерім», «Ұлжан-1, -2», «Қарасу», «Ақбұлақ», «Дархан», «Құрылысшы», «Өжет», «Трудовик», «Шанырақ-1, -2», «Алтын бесік», «Достық» және т. б. шағынаудандардың 20 мыңнан астам үйіне көріз жүйесі және 380 шақырымнан астам су құбыры тартылуда.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Мәселе

(Басы 1-бетте)

Бірақ үйдегі ойды базардағы нарық бұзып кетеді емес пе. Комбайнға қосалқы бөлшектің барлығы шетелдерден тасымалданады. Сондықтан да бағасы қымбат. «Қазтехмаштың» комбайндары 270 мың доллар тұрады! Мұндай бағаға шықпа жаным, шықпа деп отырған серіктестіктер мен шағын шаруа қожалықтарының қауқары қайдан жетсін?

астықты алқаптарда жұмыс істеуге таптырмайтын техника екен. Қазір «Вектордың» астық комбайндары Қостанай, Павлодар, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан облыстарының астығын бастыруда.

«Қазтехмаштың» ашылуы солтүстікқазақстандықтар үшін үлкен оқиға болған. Зауыттың бас директоры Сәбит Шөкенов Финляндия және Польша компанияларымен серіктестік негізде жұмыс істеп, ауыл шаруашылығына қажетті көптеген техника

елімізге мәлім «Самұрық Қазына Инвест» және «Казинтертехсервис». Біріншісі зауыттың акциясының 49 пайызына ие, екіншісі тасымалдау көлігін сатумен айналысады. Екеуі де Қазақстан нарығында топ-тәуір тәжірибе жинаған ұжымдар. Бірақ, солай бола тұра, нақты жағдайды бағамдай алмай отыр. Зауыттың қаржылай әріптестері «КазАгроФинанс» пен «Лизинг Групп» компаниясы.

Аттарынан ат үркетін осы ұжымдар әуел баста, нарық жағдайының қалай

Отанды сүю

Жастарымызға бүгін берілген тәрбие – ертеңіміздің негізі. Олардың үлкен жолда алғашқы қадамын дұрыс басуға септесіп жүрген ел ағаларының еңбегі айтуға және жазуға тұрарлық. Үлкен жауапкершілік мойнына алып, келешек ұрпақты білімді және Отансүйгіштікке баулу үшін түрлі ұйымдар бар. Ондағы мақсат – өскелең ұрпаққа Елін сүюге, халқы үшін от кешкендерді ұмытпауға шақыру. Редакциямызға арнайы келген ардагер Дүйсенғали Серікқалиден біз осы жайында естіп-білдік.

Жас казак: Дүйсенғали аға, жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастырудағы әскери-патриоттық тәрбиенің рөлі туралы айтып берсеңіз.

Дүйсенғали Қалыбаев: Біз өз заманымызда Отан үшін және оны қорғау үшін жіберген жерге бардық.

Ал қазіргі жастар егеменді еліміздің азаматы болған соң, әрбір ер жігіт Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті. Баяғы заманда осыншама ұлан-байтақ жерімізді ата-бабамыз ат үстінде жүріп, найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған. Заман талабына сай

деген құрдасымыз. Сол азаматты ұйымның төрағасы етіп сайладық. Ал қалғанымыз қатардағы жауынгер ретінде барып қайттық. Жастармен кездесу туралы айтатын болсақ, мүмкіндігінше жиі кездесуге тырысамыз.. Тек қана аудандарға ғана емес, облыс



ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚ – БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ ҚОРҒАНЫ

қазіргі жастар білімге зейін салып, біліктілігі арқылы өз елін өзге елдерге таныта білсе, бұл да отансүйгіштіктің бір қыры деп айтар едім. Қазіргі жастар болашақтың тізгінін өз қолына алып, елімізде бейбіт өмірді сақтау үшін бар күш салатынына кәміл сенемін. Өйткені кездесулер барысында қазіргі жастар Отанын қорғаған ардагерлерді ардақтай біледі. Бұған нақты көзім жетіп жүр. Біздің «Даманск» соғысы ардагерлер ұйымы жастармен жылына 4-5 рет кездесу өткізеді.

Жас казак: Осы ұйым туралы толықтыра кетсеңіз. Жастармен кездесудегі мақсат қандай?

Дүйсенғали Қалыбаев: Біздің ұйымда «Қызыл орден» алған — жаңғыз Керім Сүлей

орталықтарына да барып жүрміз. Алматы қаласының өзінде бірнеше мектепте кездесу өткіздік. Біздің ондағы нақты мақсатымыз — жастарға соғыс ардагерлері туралы мағлұмат беріп, тәрбиелік жөнінде өз ойымызды айту. Ата-жұртты, кең-байтақ жерімізді жастар естерінен шығармаса дейміз. Үлкендерден мәлімет алып отырған жастар көп болса, еліміздің іргесі берік болатыны анық. Ал үшін тағылымды тәрбие мен сенім қажет. Өскелең ұрпақ — бейбіт өмірдің қорғаны. Біз оларға сенеміз!

Жас казак: Әнгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Руслан ДОСТАЕВ

КӘСІПОРЫН КӨП, КОМБАЙН ҚЫМБАТ

Бағаны нарық реттейді емес пе? Егер осындай қисынға назар аударатын болсақ, іргедегі Ресейден шығатын түп-тура осындай комбайндар 30 пайызға арзан. Тының есептеген шаруа қайсысын алады? Міне, мәселе қайда жатыр.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, солтүстік өңірдегі ауыл шаруашылығы құрылымдарының қолындағы техниканың 70 пайызы тозығы жетіп, қауіп тұр. Өрине, ескіні жанаға ауыстырған ләзім. Жұмыс өнімді, шығын аз болады. Ескі комбайндардың көмейінен дән шығыны 20-30 пайызды құрайтынын диқандар ашық айтып отыр. Бірақ қымбат комбайн олар үшін арман ғана.

Ел астығының жартысынан көбін беретін солтүстік өңірінде астық комбайндарын шығаратын жалғыз «Қазтехмаш» қана емес, Ақмола облысында «Вектор», Қостанайда «Агрошаш Холдинг» бар. Соңғы екеуі өз жұмысын ертерек бастап кетті.

Олар шығарған бүйірінде «Қазақстанда жасалған» дейтуғын белгісі бар комбайндар әлденеше маусымнан бері орақ жұмысына қатыстырылуда. «Агрошаш Холдинг» 2005 жылдан бастап екі мыңнан астам комбайн шығарып үлгерді. Оның 40 пайыздан көбі өз еліміздің астықты алқаптарында жүр. Ауыл шаруашылығы техникаларын сату үшін сервистік жүйелер жұмыс істейді. Астықты аймақтарда 8 филиалы, 11 өкілдігі бар. Көкшетаудың «Вектор» компания «зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің де жағдайы тақа жаман емес. 2015 жылдан бері жана үлгіде 500 комбайн құрастырды. Мамандардың айтуына қарағанда, «Вектор» өнімі 30 центнерге дейін жететін



түрлерін шығаратыны туралы уәде берген болатын. 2018 жылға дейін техника құрастыру мүмкіндігі 60 пайызға дейін артып, бұған дейін қолы қысқарып келген шаруалардың айдарынан жел есетіндігі де айтылған. 2015 жылы «Қазтехмаш» елуге жуық комбайн құрастыруды жоспарласа, оның 28-ін ғана құрастыру мүмкін болды. Өйткені, шынын айтқанда, бәсекелестікке төтеп бере алмады. Жоғарыда айтқанымыздай, бар қырсық бағала болып тұр.

Іргедегі астықты екі облыстың өзінде бұлардың комбайндарынан әлдеқайда арзан техника құрастырылып жатса, жұрт олардың қымбатын қайтсін.

Сөйтіп, қатал нарық айдынында өз өрісін таба алмаған «Қазтехмаш» жұмысын тоқтатты. «Қазтехмаштың» құрылтайшылары аты

қалыптасатынын сарапқа салып, егжей-тегжейлі есептеп алулары керек еді. Әріптестердің инвестициялық қаржы құюдың қаншалықты қайтарымды болатынына тағдау жасамағаны осындай жағдайға душар етіп отыр.

1,9 миллиард теңге қаржы аз ақша емес-ау. Кейде мен ойлаймын, осындай өтпейтін өнім шығарғанда, көстөм-шалбар шығаратын кәсіпорын ашқан оң болар ма еді. Өтімді ғой. Әрі халыққа жұмыс болады, әрі бюджетке салық төленеді. Шоқпардай галстук байлап, қыры сынбаған көстөм-шалбар киіп жүре бермейміз бе. Әйтеуір, жұмыс істеп ондырып жатқан жоқпыз ғой.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

Export

Еске түсірсек, 2008 жылғы халыққа Жолдауында Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісі құрылысының маңызын баса айтқан еді. Мұның өзіндік себебі де бар. Өйткені өзбек газына тәуелді Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындары сол қыста газ тапшылығынан өбден қиналды. Біздің оңтүстік өңірге газ кенес дәуірінде салынған Бұқара газ алабы — Ташкент-Бішкек-Алматы және Гизли-Шымкент магистраль желісі арқылы жеткізілетін. Тек оңтүстік жұрты ғана емес, 90-жылдардағы «газ қыпағын» Алматы тұрғындары да бастан кешірген. Сондықтан еліміздің тәуелсіздік тарихындағы ең ірі жоба — «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісінің энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі ерекше. Ол іске қосылғаннан кейін сырттан жеткізілетін көгілдір отыннан мүлде бас тартуға мүмкіндік туады. Бұл орайда қырғыз еліндегі экономикалық және саяси жағдайдың құбылмалы сипатын да есепке алу керек. Көрші елдегі саяси ахуал күрт өзгерсе, еліміздің оңтүстік-шығысын

Бұл жаңалық елдегі жанармай дағдарысының көлеңкесінде қалып қойды. Жұрттың бәрі, соның ішінде ақпарат құралдары еліміздің энергетика министрлігін, әсіресе, оның басшысын жерден алып, жерге салып жатқанда, айтулы оқиғаға өз дәрежесінде мән берілмегені екінішті. Ал шындығында, отандық «көгілдір отын» экспортының басталуы – көптен күткен тарихи сәт.

ӨЗІМІЗДІ ДЕ, ӨЗГЕНІ ДЕ ЖАРЫЛҚАЙМЫЗ

газбен камту қиындайды. Өйткені көгілдір отын бұл жаққа Қырғызстан арқылы келетін. «Бейнеу-Бозой» газ желісі Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары арқылы өтіп, бірнеше кезеңде жүзеге асырылады деп жоспарланды. Бірінші кезеңде Бейнеу компрессор станциясынан (КС) Керент КС-на дейін, Самсоновка (КС) тармағымен қосқанда, қашықтығы 1130 шақырымды, өткізу қуаты 6 млрд текше метрді құрайтын бөлікті салу жоспарланды. Екінші кезең ұзындығы 311 шақырымды, өткізу қуаты 10 млрд текше метрді құрайтын

БЕЙНЕУ-БОЗОЙ – ШЫМКЕНТ МАГИСТРАЛЬДІК ГАЗ ЖЕЛІСІМЕН ТАСЫМАЛДАНҒАН КӨГІЛДІР ОТЫН КӨЛЕМІ

2014 ЖЫЛ – 1 382 343 356 ТЕКШЕ МЕТР

2015 ЖЫЛ – 1 215 107 844 ТЕКШЕ МЕТР

2016 ЖЫЛ – 2 166 495 000 ТЕКШЕ МЕТР

Бейнеу-Бозой бөлігін және қосымша компрессор станцияларын қарастыратын құрылысты қамтыды. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісі — ең әуелі еліміздің оңтүстігін табиғи газбен жабдықтауға арналған стратегиялық жоба. Құрылыс барысында мыңдаған жаңа жұмыс орны құрылып, ел экономикасының түрлі саласын дамытуға ықпал еткені өз алдына. Газ желісінің құрылысына 3 800 алам атсалысса, оның 90 пайызы — жергілікті мамандар. Жоба құны 3,6 млрд доллар. 2013 жылғы қыркүйек айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР төрағасы Си Цзинпин «Бейнеу-Бозой» газ желісінің алғашқы кезегін салтанатты түрде іске қосты.

Құқықтық сауат



Жас қазақ: Ақан Жақыпбекұлы жанағы Айдын Кенжебеков деген борышкер азаматтан 4 миллион теңгені қалай өндіргендеріңіз туралы айтып берсеніз?

Ақан Әубәкіров: Борышкер А. Кенжебеков өз еркімен қарызды жабудан бас тартып жалтарды. Жеке сот орындаушысы Қазақстан Республикасы атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы борышкердің «Жібек жолы» көлік базарында жұмыс істейтіні белгілі болды. Сонымен қатар оның атында «BMW X5» маркалы автокөлігі тіркелгендігі анықталды. Сот орындаушы өз кезегінде борышкерге тіркелген автокөлік бойынша ішкі істер органдарына автокөлікті ұстау және айыпшұл тұрағына шығару туралы қаулы жіберді. Ал «Жібек жолы» көлік базарына сот орындаушы мүлікке тізімдеме жасау және тыйым салу хаттамасын орындап, борышкерден қарыз сомасын төлеу туралы міндеттеме алынды. Барлық жағынан тосылған борышкер А. Кенжебеков бір тәулік ішінде 4 млн теңге көлемінде қарыз сомасын төледі. Осылайша сот шешімі толық көлемде орындалды.

Жас қазақ: Ақан Жақыпбекұлы Мемлекеттік сот орындаушымен жеке сот орындаушының айырмашылықтарын айтып берсеніз?

Ақан Әубәкіров: Жеке сот орындаушысы лауазымына 25 жаса толған, жоғары заңгерлік білімі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, жеке сот орындаушысында үзіліссіз тағылымдамадан өткен болуы тиіс. Сонымен қатар заңда белгіленген тәртіптен жеке сот орындаушысы өкілеттіктерін беру жөніндегі конкурстан өтіп, жеке сот орындаушысы лицензиясын алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Алматы тұрғыны Айдын Кенжебековтың қаржымен айналысатын шағын мекемеге берешегі болатын. Айдынның табысына орай төрт миллион теңгені еш қымсынбай берген мекеме қазір сот орындаушылардың көмегіне жүгінуге мәжбүр. Ал сот орындаушылар бірінші Айдыңға хат жолдайды. Нәтиже болмаған соң мекен-жайын тауып, ескерту жасаған. Тағы да нәтижесіз. Заңның аты қашан да заң. Құрметпен қарамасаң, бостандығыңнан айырылуың да мүмкін. Айдын осы нәрсені ескермеді. Соңында бір тәуліктің ішінде төрт миллион теңгені тауып беруіне тура келді. Өйткені ескертуді әлемей жүрудің өзі қылмыс екеніне анық көзі жетті. Осындай істердің ақ-қарасын зерттеп, сот шешімімен талай істің басын ашып, сот жүйесінде белгіленген міндеттерді шешуге ерекше үлес қосып жүрген Алматы қаласы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы Ақан Жақыпбекұлымен сұхбаттасқан едік. Біз жазып отырған Айдынның ісімен дәл осы Ақан Жақыпбекұлы айналысқан.

Сондай-ақ өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауызымынан босатылған судьяларды қоспағанда, судья болып жұмыс істеген болуы қажет. Судья лауызымына біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы сот төрелігі институтының түлектері, теріс себептермен жұмыстан босатылған адамдарды қоспағанда, кемінде үш жыл уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында жұмыс істеген және қызметіне атқарушылық құжаттарды орындау кірген адамдар болады. Сонымен қатар он жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлер тағылымдамадан өтпей және біліктілік емтиханын тапсырмай жеке сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы. 2016 жылдан бастап жеке сот орындаушыларының ерекше қызметіне мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғалардың, сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын

*** 2016 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ГАЗ ӨНДІРІСІ – 46,4 МЛРД ТЕКШЕ МЕТР. ӨНДІРІСТІҢ НЕГІЗГІ КӨЛЕМІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҮЛЕСІНДЕ;

*** 2017 ЖЫЛЫ 48,1 МЛРД ТЕКШЕ МЕТР ГАЗ ӨНДІРУ ЖОСПАРЛАНҒАН. ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАШАҒАНДА – 3,1 МЛРД, ҚАРАШЫҒАНАҚТА – 18 МЛРД, АЛ ТЕҢІЗДЕ – 145 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРГЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗІЛЕДІ;

***СОНҒЫ ҮШ ЖЫЛДА СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ 65 ПАЙЫЗГА ӨСТІ;

***КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ САТЫЛҒАН ГАЗ КӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА 100 МЫҢ ТОННАДАН 450 МЫҢ ТОННАҒА ДЕЙІН АРТТЫ;

***2016 ЖЫЛЫ АЛТЫ ОБЛЫСТАҒЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН, ҚОСТАНАЙ, ЖАМБЫЛ, МАҢҒЫСТАУ, АҚТӨБЕ, ҚЫЗЫЛОРДА) 50 ЕЛДІ МЕКЕН ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ. 2017 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАР – ОСЫ ОБЛЫСТАРДА 8 ЕЛДІ МЕКЕНДЕГІ 72 МЫҢ АДАМДЫ ГАЗБЕН ҚАМТУ

қыруар жұмыс атқарылды. Біріншіден, еліміздің бүкіл газ тасымалы жүйесін техникалық жағынан қайта құруға тура келді. Екіншіден, дипломатиялық мәселелер шешілді «ҚазТрансГаз» ұлттық газ операторы ағантай уақыттың ішінде елдегі бүкіл газ желісін бірыңғай газ тасымалы желісіне тоғыстырып, негізгі газ бағыттарын қайта белгіледі. Аса қуатты «Бозой», «Қараөзек», «Ақыртөбе» компрессорлық станциялары пайдалануға берілді. Газ құратуға арналған «Бозой» жерасты газ қоймасы қайта құрылды. Сонымен қатар Өзбекстанмен арада табиғи газ тасымалы және транзиті саласында өзара тиімді ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды. Ташкент келісіміне сәйкес, өзбектің газ тасымалы жүйесі арқылы еліміздің



«Орталық Азия — Қытай» трансұлттық газ желісіне қосылуының салтанатты рәсімі өтті. Шымкентке жакын жердегі «Ақбулак» газ өлшеу станциясымен оңтүстігіне батыстағы кен орындарынан көгілдір отын тасымалданады. Сонда «Газли-Шымкент» магистральдік газ желісі арқылы жеткізілетін қосымша көлем еліміздің оңтүстік өңірін қыс маусымында көгілдір отынмен толық қамтуға мүмкіндік береді. Осы жылдың басында газ желісінің жобалық қуаты 10 млрд текше метрге жеткізілетінін энергетика министрі Канат Бозымбаев айтқан-тұғын. Бұдан басқа Ресей газын қолданыстағы газ тасымалы желісімен Қытайға жеткізу мүмкіндігі де қарастырылады. Айта кету керек, елімізде қолға алынған басқа жобалармен салыстырғанда, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ желісінің құрылысы қарқынды жүріп, шапшаң аяқталды. Экспорттың пайдасын айтпағанда, тұрғындар енді сырттан тасымалдатын газға бағынышты болмайды.

Гүлнар АХМЕТОВА

Серпін

Үш айға созылған «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі де өз мәресіне жетті. Елімізде халықаралық көрмені өткіземіз деп айтылған күннен бастап «Жаңадан бой көтеретін зәулім сарайлар бос қала ма? Ол нысандар ел игілігі үшін қызмет ете ме?» - деген сарында сауалдар туындады. Енді соған нақты деректермен жауап беретін кез келді. Елбасы халықаралық көрмесінің салтанатты жабылуында ЭКСПО инфрақұрылымын кейін қалай пайдаланатынымызды айтып берді. Мемлекет басшысы «Нұр Әлем» және көрме тақырыбы көрініс тапқан басқа да бірқатар павильондар «ЭКСПО мұрасы» ретінде сақталады.

IT-ТЕХНОПАРКІ – EXPO МҰРАСЫ

Көрменің аяқталуы бірнеше ауқымды жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, мұнда «Астана» халықаралық қаржы орталығы орналасады. Ол қаржы хабына, инвестиция тартатын орталыққа айналып, халықаралық қаржы жүйесінде лайықты орынға ие болуға тиіс» — деді. Сондай-ақ мемлекет басшысы «жасыл» технологиялар мен инвестицияларды дамыту жөніндегі халықаралық орталықты және IT-стартаптар халықаралық технопаркін құруға арналған жобаларға тоқталды. «ЭКСПО» көрме кешені толығымен инновациялық және орнықты дамудың максаттарына одан әрі қызмет ететін болады. Баршаныңызды жаңа орталықтардың жұмысына белсенді атсалысуға шақырамын, — деді Н.Назарбаев. IT-стартаптар халықаралық технопаркі елімізге IT-индустриясы саласының мамандары мен инвесторларын тартуға мүмкіндік



Елдос ӨМІРЗАК

«Үкіметке «ЭКСПО-2017» нысандарының бірінің базасында IT-стартаптар халықаралық технопаркін құруды тапсырамын. Ол әлемнің барлық елінен кәсіпкерлер мен инвесторлар тартудың платформасы болуға тиіс. Бұл үшін тиісті инфрақұрылым және салық жеңілдіктерін, оңайлатылған виза мен еңбек режимін қоса алғанда, қолайлы жағдай керек».

(Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауынан)



жасамақ. Сондай-ақ бұл технопарк Орталық Азиядағы жоғары технологиялардың генераторы бола алады. Елбасы биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл — маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Осыған орай, үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондықтан үкімет IT саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс. Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады» — деген еді. Мінекей, еліміз осындай технопарк құру арқылы маңызды мәселелердің түйінін шешпек. Оның үстіне қазірдің өзінде тың идеяларымен тек елімізде емес, өзге елдерге танылған өнерпаздарымызға осындай орталық құрып беру орынды шешім болмақ. Бүгінде білім және ғылым министрлігі және «Зерде» ұлттық ақпараттық коммуникациялық холдингі» АҚ бірлесіп көрме аумағында технопарк құру бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірге отандық және шетелдік инвесторларды экономиканың жоғары технологиялық салаларына тарту үшін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе бастады. Жұмыс барысында акселератор компаниясы, инкубатор және инвестициялаудың еншілес қоры секілді құралдарды қамту жоспарланған. Акселератор компаниясының мақсаты мен міндеті стартап-жобаларға көмек көрсету және оларды ілгерілету болса, инкубаторлар толыққанды жобаларға көшу идеясына қолдау көрсетуге бағытталады. Технопарктің ашылуы келер жылдың ақпан айына жоспарланып отыр.

Елдос ӨМІРЗАК

атқарылғаны белгілі. Бір байқағаным, соңғы жылдары ерлі-зайыптылардың арасында ажырасушылар көбейіп кетті. Тіпті бір жыл бірге тұрмай ажырасып, алимент төлеп жатқан жастар бар. Қазіргі кезде еліміздегі әр баланың мүддесі мен құқықтарының қорғалуы үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Өзінің көмелет жасқа толмаған баласын асырау ата-ананың заңды түрде белгіленген міндеті болып табылады. Алайда қазіргі уақытта ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде, ата-ананың біреуі баласына көмек көрсетуден бас тартып жатады. Сот бұйрығының немесе шешімінің болуына да қарамастан, алимент төлеуден қашқақтап жүрген ата-аналар баршылық. **Жас қазақ:** Бұл ата-аналар қашанғы қашып жүреді? **Ақан Әубәкіров:** Сот шешімін борышкер бірнеше жыл бойы орындамай жүре береді. Әсіресе, алимент төлемеу елімізден тыс жерлерге шығуға тыйым салынып, сонымен қатар ата-аналық құқықтарынан айырылып, тіпті қамауға алынуы мүмкін. Бұл қатал жазалардың барлығы борышкердің алимент төлемдерінен жалтарудың одан арғы салдары туралы ойға алып, өз балаларын енесібесінен айырмай қамтамасыз ету қажеттігін міндетін әрі өзінің басты міндеттерін орындауды еске салады. Заннамамен алимент төлеу бойынша өз міндеттерін орындаудан жалтарған жағдайда әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер қарастырылған. Бұл жауапкершілік түрлері ата-аналық құқықтан айырып қана қоймай, борышкерді бас бостандығынан айыруға дейін әрекет етеді. Алайда бірде-бір жауапкершілік борышкердің өз балаларына қатысты ата-аналық құқығынан айырылғанымен алимент бойынша барлық қарызын төлеуден босатылмайды. **Жас қазақ:** Сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Құдайсігір СҮНДЕТ

Жаңа жоба

Қазақта «Үйі жоқтың, күйі жоқ» – деген сөз бар. Шынында баспанаң болмаса, берекең де бола бермейді. Осы олқылықты ретке келтіру мақсатында мемлекет тарапынан сан түрлі бағдарлама қолға алында. Бүгінде өңірлерде «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында бірқатар отандасымыз баспаналы болды. Дегенмен Алматы сынды алып шаһарға жастардың пәтер алуына мүмкіндік беретін тағы қосымша

Бауыржан БАЙБЕК,
Алматы қаласының әкімі:

«Бүгінгі күні қалада 35 жасқа дейінгі жастар саны – 800 мың адам. Жастар үшін барынша маңызды және өзекті мәселе – жеке тұрғын үйге қол жеткізу. «Алматы жастары» атты жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламасын енгізу үшін қазірдің өзінде жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. Оның үстіне, бұл жоба жастарды ынталандырудан бөлек қала тұрғындары ақшасының Алматыда қалуына да ықпал етеді. Жеңілдетілген заемді тек Алматы қаласында ғана алғашқы үйді сатып алуға жұмсауға болады. Яғни осы қаржы есебінен құрылысшылар мен жұмысшыларға жалақы төленеді, кәсіпорындарға тапсырыс беріледі, құрылыс компаниялары қала бюджетіне салық төлейді»

құрылыс жинақ банкінің Алматы филиалының басқарма басшысының орынбасары Диас Рахымханов та осында келіп отыр. Бұған қоса, бұл аталған банктің бизнесті дамыту басқармасының басшысы Мақсат Нұрланұлын да арнайы шақырттық. Сондай-ақ жоба басталған кезде жүйенің жүзеге асырылуына мұрындық боламыз деген республикалық «Жас қазақ» газеті болатын. Осы басылымның бас редакторының орынбасары Елдос Өмірзақұлы да бүгін арнайы келді. Біздің мұндағы жиналуымыздың басты себебі – жобаны түсіндіріп, толыққанды ақпарат беру болып табылады.

Шыңғыс Бескемпіров: Осыдан бір апта бұрын Алматы қаласының әкімдігі мен

SERPIN

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas.qazaq@mail.ru



Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі аралығында меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде оны жастарға жіті түсіндіру үшін кездесу ұйымдастырайық деп шештік. Бұл мұғалімдер, жастар, жас қызметкерлерге бағытталған. Алматы қаласында 14-35 жас аралығындағы 800 мыңға жуық жастар қаламызда тұрады. Еліміздің әрбір 3-ші студенті Алматыда білім алады. Осы жастар жылына орай 2020 жылға дейін түрлі бағыт-бағдарда көкейкесті мәселені қалай шешуге болатыны жайында бастама қолға алынып, құжат дайындалды. Ол жоба аясында 5 басты бағыт бар. Соның бірі – осы баспанамен қамту мәселесі. Былтырғы әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша қаладағы жастардың 80 пайызы баспанасыз деп көрсетілген еді. Бұдан өзге білім, жұмыс мәселесі де өршіп тұр. Осы бойынша да көптеген жобалар жұмыс жасап келеміз. Ал бүгінгі талқыға салатын ең басты тақырыбымыз осы баспанаға қатысты болмақ. Қысқаша ақпарат айта кететін болсам, бұл жобаның бірден-бір ерекшелігі бұған дейін

Шыңғыс Бескемпіров: Барлық жүйеге қатысты айтатын болсақ, құжат пен өтініш электрондық түрде қабылданады. Құжатты қала әкімдігі және Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мен көптеген сарапшы қарастыратын болады. Балдық жүйе бойынша байқау өткізіледі. Мысалы, 80 мың жастың жартысы өзге өңірлерден келген. Сол себепті де біз біріншіден, Алматы қаласында бұрыннан тұрып келе жатқан, осында жүрген жастарымызды ойлауымыз қажет. Тіркеуде тұрған әр жыл – 1 балл. Отбасы құрған жастар болса, оған 2 балл беріледі. Отбасындағы бірінші бала үшін – 10 балл, 2-ші және 3-ші балаға 15-деп ары қарай кете береді. Ал қызмет ететін жеріне қатысты жеке кәсібіңіз қалада тіркелген болса – 1,5 балл береміз. Мемлекеттік бюджеттік салада, мұғалім, дәрігер т.б. болса 2 балл болып, есепке алынады. Қандай да бір салада істесе, 1 жылдық өтілімі 1 балл болып есептелінеді. Балдық жүйе бойынша 100 үздік өтеді. Егер де бастапқы жарна ретінде 2 млн теңге салатын болса, 40 балл жинайды. Ең ұтымды үміткер 2 баласы



тетік керек. Осы орайда биыл Алматы қаласы әкімдігі «Алматы жастары» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жобаның қандай артықшылығы бар? 100 пәтерге кімдер қол жеткізе алады? Бұл маңызды мәселенің жауабы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Жас қазақ» газеті «Көзқарас» клубымен бірлесіп ұйымдастырған алқалы жиында белгілі болды. Оған екі жүзге жуық студент пен ұстаз қатысты. Модератор – «Болашақ» жастар қозғалысының жетекшісі Дәурен Бобамұратов.

Дәурен Бобамұратов: Бүгін Алматы қалалық жастар саясаты мәселесі жөніндегі басқармасының қолдауымен «Көзқарас» дискуссиондық клубының кезекті отырысы өтуде. Жылдың басында осы «Көзқарас» дискуссиондық клубының аясында осындай жиын жасаған болатынбыз. Сол кезде «Жас қазақ» республикалық басылымы тікелей қолдау көрсетті. Алғашқы өзара пікір алмасу барысында Алматы қаласындағы жастар қолжетімді баспананы қалай ала алады? Жалпы арзан бағамен, жеңілдетілген жолмен тұрғын үйді алуға бола ма? Жастарға қосымша жеңілдік қарастырыла ма? – деген сауалдар қойылған болатын. 2017-2020 жылдар аралығы Алматы қаласында «Жастар жылы» деп белгіленгені бәрімізге мәлім. Сол кезде осы шаруаны өз жауапкершілігіне алған Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Шыңғыс Бескемпіров осында отыр. Бұл кісі жыл басындағы жиында «Қалай болғанда да биыл жастардың қолжетімді баспана алуына тағы да бір мүмкіндікті, тетікті қарастырамыз. Оған тиісті қаражатты беруге ықпал етеміз» – деген болатын. Сол кездегі айтқаныңыз бүгінде жүзеге асып, аз уақыт ішінде Алматы қаласы жастарына тағы да бір мүмкіндік туды. Бұл жоба Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің қолдауымен жүзеге аспақшы. Құжат тапсырып, конкурстан жеңіп шыққан азамат пәтерге қол жеткізеді. Тұрғын үй

◆ СҰРАҚ-ЖАУАП:

Айжан: Менің Қазақ ұлттық аграрлық университетінің зертханасында жұмыс істегеніме 2 айдан асты. Магистратураны осы аграрлық университетте бітірдім. Тұрғылықты орным Астанада болып, мұнда Алматыда уақытша тіркеудемін. Осы бағдарламаға уақытша тіркеу бойынша өтініш бере аламын ба? Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіде өзімнің есепшотым бар. Егер тіркеуімді жасатар болсам қатыса аламын ба?

Шыңғыс Бескемпіров: Көшіп келген жас отбасы болсаңыз, толықтай тіркеуге тұруыңыз қажет. Себебі төлеп жатқан салығыңыздан құрылған қаражат осы бағдарлама ретінде сізге жұмыс істейтін болады. Тіркеуді 3 жыл деп қояды себебі бар. Өйткені жастарымыз әр өңірлерде 1 жылдан жұмыс жасауы мүмкін. Ал бұл банк үшін де қауіпті еді. Дегенмен де біз жастарды жақтай келе 1 жыл деп азайттық. Егер осы бағдарлама аясында пәтер алғыңыз келсе, тұрақты тіркеуге тұруыңыз қажет.

Батырбек, кәсіпкер: Осы бағдарламаға байланысты көкейімде жүрген сұрақты қойсам. Жана әр балаға балл қосылатынын айтып өттіңіз. Сонда қолбалалылар 100-дікке кіре алса, 1 баласы бар не баласы жоқтарға мүмкіндік қандай?

Диас Рахымханов: Біз балдық жүйені қарастырған кезде баласы бар, жас отбасылар, жалақысы төмен жастарға басымдық емес, теңбе-тең жағдай жасадық. Сіздің отбасыңыз бен балаңыз жоқ болса, теңбе-тең болу үшін бастапқы жарнамен қатыса аласыз. 2-3 млн теңге құю керек. Немесе Алматы қаласында ұзақ уақыттан бері тұрып жатырмын, 10 жылдық жұмыс өтілі бар деп беруге де болады. Міне,

осылайша түрлі-түрлі мүмкіндік барынша жасалған. Мысалы, жастарымыздың ерте шаңырақтары иайқалуы да осы баспанасыздықтан. Пәтерден-пәтерге көшіп жүру ешкімге ұнай бермейтіні анық. Сондықтан да біз барынша жас отбасылар мен баласы барларға көбінесе бал береміз. Егер қызмет қуған жас болсаңыз, жұмысыңыз жақсы және қаражатыңыз жеткілікті болса, бастапқы жарнамен бірдей бал алуыңызға болады.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты – пәтер немесе несие беру емес, жастарымызды бүгіннен бастап еңбекпен наным табуға тәрбиелеу. Жастарда өмірлік қағидасы, жұмысқа деген құлшынысы болуы шарт. Осы сәтпен ғана емес, ертеңгі күнін, құратын отбасын, бала-шағасын ойлауға және жағдайын жасауға арналған мүмкіндік деуге толық негіз бар. Нарық заманында өмір сүріп жатқандықтан, барлық нәрсе қабілет-қарымыңызға ғана байланысты.

Ақбота: Мен осы оқу орнының қызметкерімін. Сіздерге қояр сұрағым толық емес отбасы немесе асыраушысынан айырылған отбасыларға қандай жеңілдік қарастырылған? Немесе болашақта қарастырыла ма?

Шыңғыс Бескемпіров: Егер сізде асыраушысынан айырылған отбасы болатын болса, олар бұл бағдарламаға қатыспай-ақ, бұдан да жеңілдетілген, арзандатылған бағамен тікелей тұрғын үй басқармасына барып, кезекке тұра алады. Ол жерде де дәл осындай талаптар. Тұрақты тіркеуіңіз болып, асыраушысынан айырылған балалардың қуғандырыған қағазы болса жеткілікті.

Асхат: Бірінші сұрағым банк қызметкерлеріне қатысты. Яғни үйленгенмін, жас отбасымын. Бірақ өзім тіркеуде қалада болғаныммен, келіншегімді қалада емес. Заңды түрде некедеміз. Мен бұл бағдарламаға жас отбасы ретінде қатысамын ба? Әлде жеке азамат ретінде ме? Бір күнінің өзінде 1300 адам тіркелді дедіңіздер. 100 пәтерді неленген адамды кейіннен сайттан аты-жөнін ғана емес, балл бойынша озық шыққанын қалай қарай аламын?

Мақсат Тұрғанбек: Әрине, бұған халық арасында сенімсіз қарайтындар да бар. Сол себепті де барлығы портал арқылы өтіп, кез келген ақпараттың нақтылығын содан көре аласыздар. Бұдан бөлек, электрондық тапсырғаннан соң тұрғын үй мәселелерінен бөлек те комиссия құрылған. Оның құрамына қоғамдық кеңес мүшелері, жастар және журналистер кіре алады. 100 пәтердің иесін белгілегеннен соң барлық БАҚ өкілдерін шақырып жариялайтын боламыз. Бұл жобадан біз нақты лайық жастардың пәтерге ие бола алатынын дәлелдейтін боламыз. Ал бірінші сұрағыңызға келер болсақ, отбасыңызбен барлығыңыз осында тұрақты тіркелуіңіз қажет. Басқа жерде тіркелген болса қатыса алмайсыздар.

жастарға бағытталған бағдарлама да сіздер үш жыл бойы алатын үйдің 50 пайыз ақшасын жинау керек болатын. Немесе өзге банктерге барар болсаңыз, бастапқы жарнаны бірден төлеу керек. Жыл басындағы кездесуімізде жағдайды бақылап, талдап отыратын азаматтар ойын ортаға салған. Нәтижесінде барынша



жеңілдік жасауға тырыстық. Қалада бір жыл тіркеуде тұрған болсаңыз жеткілікті. Бүгін өтініш қабылдап жатқанымызға екінші күн. Соның өзінде 1300-ден астам өтініш толтырылды. Сайтта 40 мыңға жуық қатысушы тіркеліп, бағдарламамен танысқан. Құжатты қабылдау 2 аптаға жоспарланып отыр. Алғашқы кезеңде 100 отбасы жыл соңына дейін пәтерге ие болады. Егер жақсы нәтиже беріп жатса, келесі жылы да бұл жобаны қарастыратын боламыз.

Диас Рахымханов: Мұндай жоба елімізде бірінші рет қолға алынып тұр. Бүгінде банктің Алматы қаласындағы филиалында 147 мың салымшы бар. Оның 50 мыңы жастар. Бұл жобаға тек жас отбасы ғана емес, 14-35 жас аралығындағы барлық жас азамат қатыса алады. Қалада кем дегенде 6 ай тұрақты жұмысы болып, 1 жылдық тіркеуі болуы шарт. Алматы жастары сайтында 3 қазанға дейін өтініш қабылдап жатырмыз. Одан соң қабылдау тоқталып, әкімдік бізге 100 адамның тізімін жібереді. Одан ары банк олардың құжатын қарайды. Төлем қабілеттілігі тексеріледі. Банктен 5 пайызбен 10 млн теңгеге дейін беріледі. Егер де таңдаған пәтеріңіз одан қымбат болса, өзіңіз қоссаңыз болады.

мерзімде жүйелі бағдарламаның жүзеге асарына аса сенген жоқпыз. Енді жастар үшін жақсы жағдай жасалып жатыр. Жас отбасылар үшін құжатын өткізіп, тиесілі баллды алу ғана қалды. Дегенмен Алматы қаласындағы 800 мың жас үшін 100 пәтер деген түкте емес. Осы орайда қала әкімдігі мен банк қызметкерлеріне қояр сұрағым бар. Ай сайын сол алған 10 млн теңге үшін қанша төлеуі керек? Биылғы жылға 100 пәтер беріледі деп шешілді. Келесі жылдары бұл пәтердің көлемін ұлғайту жоспарда бар ма? Ол қаншалықты жүзеге асырылады? Жастардан нақты кімдер ала алады? Айлығы төмендерлі бөліп қарауға бола ма? Себебі Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі сенін табысына, қаншалықты төлей алатынына қатты қарайды. Осы орайда жеңілдіктер қарастырылған ба?

Мақсат Тұрғанбек: Бұл бағдарламаға қатысу үшін біздің банктің салымшысы болуы міндетті емес. Егер салымшысы болсаңыз, тіпті жақсы. Егер депозит ашпай, осы бағдарламаға қатысар болсаңыз, бастапқы 8 жылдында ай сайын төлейтін 91 666 теңгені құрайды. Ал одан кейінгі 11 жылдында ай сайын 46 000 теңге төлеп отыруыңыз керек. Былайша айтқанда, өзге біреуге пәтерін жалға алғанға төлегенше, өз депозитіне ақша салу тиімдірек болады. Неғұрлым банктен депозит ашар болсаңыз, соғұрлым несие төлеу жеңілрек болмақ.

Дайындаған
Салтанат ШЫҒЫНХАН



Еңбек

Бірнеше жылдан бері Атырау аймағында табысты еңбегімен танылып келе жатқан «Дәулет» индустриялық аймағы бүгінде жергілікті нарықты бағындырып үлгерді. Бұл сөзімізге Атырауда өткен «Үздік тауар» көрмесі байқауында «Халық тұтынатын үздік тауар» аталымы бойынша Trans Tech International серіктестігінің нан өнімдері мен ет құтылары үздік деп танылғаны дәлел бола алады.

ТӘУЛІГІНЕ – 30 ТОННА НАН
МЕН КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕР

Trans Tech International жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нан зауытының құрылыс жұмысын «Даму-Өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізген. Аталған жоба ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына орай, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында Ұлттық қордан бөлінген қаражат есебінен жүзеге асқан. Жобаның жалпы құны 1,5 млрд теңгені құрайды. Отандық нарыққа шыққанына аз

мүлде жоқ деген сөз емес. Наубайханада барлығы 47 адам вахталық ауысыммен қызмет етеді. Дайын тәтті қамырдан түрлі формадағы тоқаш, қытырлақ нан дайындап шығаратын қызметкерлер тәулік бойы жұмыс істейді. Бірақ жұмысшылардың басым бөлігі түнгі ауысымда еңбектенгенді қолайлы көреді. Ал таңертеңгісін Атыраудың әр түкпірінде орналасқан сауда нүктелеріне дереу жеткізілетін жана ғана



БРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН ӨНІМ

уақыт өтсе де, зауыт тәулігіне 30 тонна нан мен кондитерлік өнімдер шығарады.

оттан шыққан ыстық нан және кондитерлік өнімдердің дәмі тіл үйіреді. Әрі өнім жергілікті болғандықтан да, бағасы да қолжетімді.

сервистік қызмет көрсетуші компаниялардың бірінің наубайханасында бес жылдан астам уақыт қызмет еткен маманның «Дәулет нан» зауытына жұмысқа келгеніне аса көп уақыт бола қоймаған. А. Кремер «Мұнда ең жоғарғы деңгейдегі заманауи технологиялар орнатылған. Барлық мамандар қайта даярлаудан өтті, дайын өнімдерге қойылатын талап та жоғары. Маман ретінде өсуге мүмкіндіктер жасалған, еңбек жағдайы да көңілмен шығады. Атырау тұрғындарының ас атасына деген сұранысын өтейтін бірегей өндірістің бірі болғаннан кейін, дәмді өнімдерімізбен тұтынушылардың көңілдерінен шығуға міндеттіміз» дейді.

Айта кеткен жөн, зауыт өнімдері қазіргі таңда облыс орталығы аумағымен қоса, Махамбет, Акқыстау, Доссор, Мақат және Алмалы ауылдарына жеткізілетін наубайхана өнімін дайындауға жергілікті өнім пайдаланылады.

Нағға қажетті ашытқыны дайындау бөлмесінен бастап, пісіру пешіне дейінгі жұмыстан бөлек, дайын өнімді тұтынушыға жеткізу тетігі де өз алдына стратегиялық мәнге ие. «Таңертеңгілік арнайы көліктерге тиелген нан өнімдері өзімізге қарасты дүңгіршектер желісіне жеткізіледі. Халық сұранысына орай, дайындалатын нан мен тәттілер түрін одан ары молайта түсу – жоспарда. Сонымен қатар осы

уақытқа дейін сыртқы қаптаманы басқа жақтан тапсырыспен дайындаып келсек, енді өзіміз

шығармақпыз. Арнайы қондырғы да алынды», – дейді зауыттың өндіріс бөлімінің меңгерушісі Ольга Липперт.

ТҮЙІНДЕП АЙТҚАНДА

Отандық бизнесті халықаралық сауда аренасына шығару – мемлекет басшысы міндеттеп отырған маңызды тапсырманың бірі. «Дәулет нан» бренді де ішкі нарықтағы сұранысты қанағаттандырумен қатар, экспортты қолға алу мәселесін де күн тәртібінен шығарған емес. «Десек те, бұл реттегі негізгі басымдылықты мақарон шехының өнімдеріне аударатын боламыз. Себебі нан өнімдерін ұзақ сақтауға болмайды. Ал мақарон өнімдері талапқа сай технологиямен дайындалса, тасымалдауға да, ұзақ мерзімді сақтауға да жарамды», – дейді мамандар.

Еске сала кетелік, жоба құны 1,5 млрд теңгені құрады. Оның ішінде, 880 млн теңге құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалған. Күніне елу түрлі нан және кондитерлік өнім шығаратын зауыт тұтынушыларға бидай және қара бидай нанын, тәтті бөлке, түрлі дәмді қытырлақ ұсынып отыр.

Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаяев нан зауытының қажеттілігі жоғары деп есептейді. Қазіргі таңда Атырау қаласында 13 наубайхана тәулігіне 33 тонна өнім шығарып отыр. Оның ішіндегі ең ірісі тәулігіне 9 тонна нан дайындайды. Ал «Дәулет нан» зауытының ерекшелігі сонда – наубайхана тәулігіне 30 тонна нан және кондитерлік өнімдерін дайындап шығаратын мүмкіндікке ие.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғаяев «Мәселен, біз астықты Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарынан сатып аламыз. Сондықтан, бұл қосылған өндіріс нанның бағасын тұрақтандыруға өз үлесін қосады деп сенеміз» дейді.



Серпін

Азық-түлік қауіпсіздігі – өлімізде ғана емес, бүкіл әлем бойынша өткір мәселенің бірі. Мамандар жер шарындағы халықтың саны өскен сайын, оларды күнделікті ішіп-жеммен қамтамасыз етудің күрделеніп отырғанын айтауда.

БҰҚТЫРЫЛҒАН СИЫР ЕТІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



Ауыл шаруашылығы дәстүрі ерте ғасырлардан қалыптасқан Қазақ елі де бүгінде аграрлық саланы дамытуды басты назарда ұстап келеді. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасынан бөлек, шаруашылық иелері үшін жұмыс істейтін «Қулан», «Сыбаға», «Алтын асық» жобалары нәсібін аграрсаланды тапқандар үшін көдімгідей қолдау көрсетуде. Осындай бастамалар бүгінде елімізді ішкі нарықта азық-түліктен толығымен қамтамасыз етіп қана қоймай, түрлі өнімді экспортқа шығару мүмкіндігіне ие елдердің қатарына енгізді.

Өз жұмысын 1996 жылы қоғамдық инфрақұрылымдарға сервистік қызмет көрсетуден бастаған «Қарат» ЖШС бүгінгі таңда тігін, ауыз су және құтқыдағы консервілер дайындау цехтарын іске қосып, отандық өндіріс саласын арттыруға атсалысып келеді.

Жалпы құны 140 млн теңге болатын жоба қуаты жылына 12,6 млн құты шығаруға шақталған. Экологиялық тұрғыда таза шикізатты пайдалана отырып, сапасы импорт тауарлардан кем түспейтін ет консервілері өніміне бүгінде жергілікті тұрғындардың сұранысы жоғары.

Технолог Зияда Ахметова «Өндірісте екі ауысымда отызға жуық адам еңбек етеді. Қызметкерлер арнайы оқудан өткізілген. Цехта орнатылған германиялық, ресейлік заманауи құрылғылар технологиялық ережелерді сақтай отырып, сапалы өнім алуға мүмкіндік туғызуда. Жұмыстың 90 пайызы компьютермен атқарылады. Бұл жағдай өнім сапасының қалыпты болуына, гигиеналық тұрғыдан үнемі таза болуына кепілдік береді» дейді.

Мұнда жұмыс процесі түгелдей автоматтандырылған. Сүйегінен ажыратылған мал еті сұрыптау түріне байланысты құтыларға салынып, майы, тұзы, жуасы мен бұрышы қосылады. Өнімнің салмағы өлшеніп, құтқысы жабылған соң, арнайы қазандықта 120 градус ыстықта, екі келілік қысымда қайнатылады. Онысы компьютер арқылы қадағаланады. Екі сағатқа дайын болған өнімге тауарлық белгісі бар қағаз (этикетка) жапсырылады.

Айта кетерлігі, мұнда негізгі шикізат ретінде жергілікті қожалықта бордақыланып, семізгілген малдың еті

қолданылды. Сонымен бірге шикізаттың жетпеген бөлігі көршілес облыстардың шаруа қожалықтарынан әкелінеді. Қазіргі уақытта цех күніне жоғары және бірінші сұрыпты, эконом класс және премиум санаттағы бұқтырылған сиыр етінен он мың консерві шығарады. Соңғы кезде өндіріс көлемі едәуір ұлғайып, тауар түрі артты. Әрқайсысының салмағы 325 грамдық бұқтырылған сиыр еті, өз шырынында дайындалған тауық еті, сиыр еті қосылған арпа ботқасы, сиыр еті қосылған қарақұмық ботқасына тұтынушылар сұранысы жоғары болып келеді. Қазы консервілері, сондай-ақ, түрлі паштеттер де шығарылады.

Бүгінде ет құтысын шығарып, жергілікті шаруашылық бағымындағы малдардың етін өңдеп, толықтай жергілікті өнім шығарып отырған «Қарат» ЖШС-нің бұқтырылған еттері Атырау облысынан бөлек, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарын да қамтып отыр. Жыл сайын Астана қаласында өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде де «Қарат» өндірісінің өнімдері сатылымға шығарылады. Атырауда шығатын бұқтырылған ет халықаралық сертификатқа да ие. Бұл жергілікті өнімді көршілес орналасқан Ресейге экспорттауға мүмкіндік беріп отыр.

«Өнімнің санын көбейтіп қана қоймай, сапасын көтеріп, тұтынушының көңілінен шығу – біз үшін маңызды. Бұл – Атырау өңіріндегі тұңғыш құтылау цехы. Сондықтан, біз бәсекелестік

ТАЗА АУЫЗ СУДЫ ДА ШЫҒАРАДЫ

Ет консервілерінен бөлек, «Қарат» ЖШС-не қарасты ауыз су шығаратын цех жұмыс істейді. Ауыз



су, «ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық су тартқышындағы Еділ өзені суының негізінде дайындалады. Тазартудың және минералды байытудың қосымша сатыларынан өтіп, тазартылған судың өзіндік құны да төмен.

Аталған цех тәулігіне 2,5 мың литр, жылына шамамен 4 млн пішіяны толтыратын суды тазартып шығарады. Сыйымдылығы 0,5, 1, 1,5, 5 және 19 литрлік пластикалық бөтелкелерге құйылып, дайындалатын цехтағы бес желіде қырық жұмысшы еңбек етеді. Цех технология Борис Грицишынның айтуынша, «Мөдлір су», «Дәулет су» деп аталатын сапалы, таза ауыз суға сұраныс та жоғары. Олар тұтынушылардың тапсырысын уақыттылы орындап, тілегін қанағаттандыруға қашан да дайын. Асханалық таза суды Атырау өңірінен басқа Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының мұнайшылары мен газ өндірушілері, геолог-барлаушылары, құрылысшылар, жалпы халық тұтынады.

Технолог Борис Грицишин «Мен мұнда цех ашылған 2009 жылдан бері технолог болып қызмет істеймін. Бұған дейін көршілес Ақтөбе облысындағы Шалқар қаласында орналасқан ауыз су өндіретін зауытта жинақтаған тәжірибем бар. Ленталы конвейер арқылы тәулігіне 9000 бөтелке мөдлір су шығаруға қуатымыз жетеді. Цех үзіліссіз, күндіз-түні екі ауысыммен жұмыс жасайды. Сыйымдылығы әртүрлі бөтелкелерді де цехтағы арнайы пішіндегі қондырғылармен дайындайды. Халық үшін, тұрақты тұтынушыларымыз үшін сапалы өнім ұсыну – біздің басты қағидамыз» дейді.

Қытайдан жеткізілген түрлі сыйымдылықтағы бөтелкедегі ауыз су дайындайтын қондырғылардың үзіліссіз жұмыс істеп тұрғанына он жылға жуықтады. Жергілікті жастар жұмысқа тартылып, олардың еңбек етуіне толық мүмкіндік бар.

Жатақханада жайлы жатын орны, үш мезгіл беретін дәмді тамағы дайын. Тұрақты еңбек ақысы бар. Бұдан басқа да тұрмыстық жағдайлары жасалған.

ОТҚА ЖАНБАЙТЫН КИІМ

Көп салалы «Қарат» ЖШС-не қарасты тігін цехы да табысты жұмыс істеуде. Жылына үш миллион тігін өнімін шығаруға қуаты жететін цех заманауи тігін машиналарымен және маман киімін шығаруға арналған құрал-жабдықпен қамтылған. Қазірдің өзінде аймақтағы мұнай кәсіпорындарынан маман киіміне тапсырыс қабылдап, соңғы үлгідегі дизайнмен шығара бастаған цех отандық нарықта он жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді.

Цех меңгерушісі Жандос Қасанов «Мұнда жапонның тігін машинасын жетік меңгерген 32 ісмер қыз-келіншек жұмыс істейді. Сөйтіп жана жұмыс орындарының ашылуы халықтың жұмыспен қамтылып, әл-ауқатының тұрақтануына себепші болып отыр. Отандық және шетелдік мұнай-газ өндіруші, құрылыс компаниялары мен күзет фирмаларына арнаулы киімдерді тапсырыс бойынша дайындауда тәжірибеміз жетерлік. Осы салада қызмет жасайтын Гүлнар Әбдірахманова, Салтанат Амандыкова, Нұржамал Құрбанова, Қоныс Қартбаева сынды өндіріс озаттары жастарымызға үлгі-өнеге көрсетіп келеді» – дейді.

Бір ерекшелігі, мұнда негізінен өндірістік киім тігіледі. Арнаулы тапсырыспен дайындалатын киімдер су өткізбейтін, отқа жанбайтын матадан жасалады. Қажетті материалды Оңтүстік Корея елінен алдыртатын тігіншілер айына үш мың дана қысқы және жазғы мерзімге арналған жұмыс киімін, комбинезон тігіп шығарады. Бұдан бөлек, сүйек



майын өңдейтін цех ашу, база аумағында жем-шөп өсіру, қалдықсыз өндірісті бір жолға қою – сүйек ұнын, кір сабын және өздерінен консерві құтыларын дайындап шығару жоспарланған.

Осылайша, көп салалы «Қарат» кешені – отандық экономикадағы өндіріс саласын дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Бетті дайындаған
Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы

Заманауи қадам

Енді кез келген алматылық үйінде отырып-ақ компьютер арқылы мемлекеттік қызметтің түр-түрі жайында біле алады. Мәселен, денсаулық сақтау саласы, білім беру басқармасы, көші-қон қызметі, мемлекеттік кірістер бөлімі, салық төлемдері, жылжымайтын мүлік, жер телімін рәсімдеу тағы да басқа осындай мемлекеттік ұйымның көптеген ақпаратына аз уақыт ішінде келергісіз қол жеткізеді. Бұл үшін тек жеке электрондық кілтiнiз болса жеткілікті. Ол кілт сандар жиынтығынан құралады.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айгүл Байханова «Бүгінде Алматы қаласы бойынша 640 мыңнан астам адамның электрондық кілті бар. Мұның барлығы осы мүмкіндікті толығымен пайдаланып жүр деп нақты айта алмаймыз. Мәселен, осы тоғыз айда тоғыз миллионнан астам мемлекеттік қызметтер көрсетілген болса, соның тек 46 пайызы ғана электрондық кілт арқылы шешілді» деді жәрменке барысында.

Жәрменке шаһарымызда Open Almaty қоғамдық қабылдау алаңында алғаш рет өткізілді. Бұған Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мен Алматы қаласы әкімінің аппараты қолдау білдіріп, жүзеге асыуы атсалысты.


Мемлекеттік қызмет көрсету жәрменкесі тұрғындарға кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Аталған шараға мемлекеттік 23 ұйымның өкілдері қатысты. Мұндағы келушілер саны 920-дан асса, оның ішінде нақты кеңес сұрағандар 730-ға жетті. Ал 195 тұрғын өзекті мәселесін лезде он шешіп алды.

Соның бірі — әлеуметтік қызмет көрсету орталығының психологы Ақмарал Шардарбекова. «Өзім әлеуметтік салада жұмыс істеймін. Осындағы мамандар «әлеуметтік қызметке байланысты өзіңізді мазалаған сауалыңызды қоя аласыз» деді. Мен жергілікті тұрғын болып саналсам да, алдыңғы емханамнан тіркеуден шығып кеткен едім. Үш айдан бері еш жерге тіркеуге тұрған жоқпын. Міне, бүгін әп-сәтте электрондық нұсқадағы құжаттарымды

Бүгінде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында тың жобалар жасалып, көптеген іс-шара ұйымдастырылуда. Бұл ұлт мүддесі үшін мол мүмкіндік екені сөзсіз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы осы бағдарламалық мақаласында компьютерлік сауаттылықты арттыру қажеттігіне тоқталған еді. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын алдыңғы қатарға шығарды. Осы орайда ақпараттық технологиялар өмірімізге өзгеше серпін беріп, алыстағыны жақындата түскендей. Оған тағы бір дәлел, мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің электрондық форматқа көшірілуі.



бір мәселеге байланысты құжат жинау үшін қайда бару керек екенін білмей жататынын жеткізді. «Бүгінгі шарадағы мақсатымыз — мемлекеттік қызметті қалай пайдалануды түсіндіру. Жалпы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімінің басқармасы 20 мемлекеттік қызмет көрсетеміз. Оның ішінде зейнеткерге, мүгедек жандарға, көпбалалы, тұрмыс деңгейі төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі



қимыл агенттігі департамент директорының орынбасары Шынарәй Әлімханованың айтуынша, бұл жоба — қалалықтарға ең тиімді тәсіл. Өйткені басты міндет — халыққа кәсіби көмек көрсету. Уақыт пен мүмкіндікті үнемдеуді үйрету. Бұған қоса, сыбайлас жемқорлықты азайтудың да ең оңтайлы шешімі деп айтуға толық негіз бар. Себебі қызмет ақысыз, үйде жасалыды. Кезек күтіп сабылмайды. Мысалы, заңды түрде некеге тұру үшін жастар көптеген құжат жинауы қажет. Ал оны жан-жаққа барып, табалдырық тоздырып, әлек болатындар қаншама. Бірін бір, екінсі екі жинап шаршайды. Ш.Әлімханова «Ал егер біздің орталыққа бас сұқса, осы жерден толық кеңес алып, құжаттарды түгендейді. Міне, осылайша уақытты өткізіп жүрместен, заңды некенізді тез арада қидыра аласыз. Алдағы уақытта Алматының басқа аудандарында да жәрменке өткізетін жоспарымыз бар», — дейді.



ТҰРЛАУҰЛЫ МҮМКІНДІК



жинатып, № 5 ауруханаға тіркеп берді. Тіпті мұнда ХККО мамандары да шақырылған екен. Ол жерден тіркелуге қажетті қағаздарды алдым. Мені қызықтырып жүрген тағы бір мәселе бар еді. Ол — әлеуметтік бизнес. Олар «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен «Даму» қорынан бастап, бәрін тізіп, қажетті кеңес берді. Келгенімнің пайдасы тиіп, біраз шаруам шешілді» деді ол. А.Шардарбекова мұндағы ұйымдастыру барысына жоғары бағасын берді.

Осылайша халық пен билік арасына алтын көпір орнату мақсат еткен бұл жобаға барлық жастағы азаматтар келіп, мүмкіндігі шектеулі жандарда ат басын тірей алады. Ал ғаламтор пайдалануды білмейтін үлкен жастағы кісілер үшін арнайы орталық күнделікті қызмет көрсетіледі. Мұнда әр мемлекеттік ұйымдардан келген мамандар өз саласы бойынша ақпарат беріп, құжат тізімін жасап, қажетті мәліметтің барлығын алдына қояды. Ал бұл жәрменке аясында аталған мемлекеттік ұйым басшылары бастаған топ, нақты кеңесін айтып, жұрттың мүмкіндіктерін жіті түсіндіруге атсалысты.

Осы орайда Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімінің басшысы Ләйля Оразбаева тұрғындар белгілі

жандарға, жұмыссыздарға мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Әлеуметтік көмек белгілейміз. Ал мүмкіндігі шектеулі жандарға медициналық мекемелерге барып қаралуы үшін комиссия шешіміне сәйкес жолдама береміз. Бүгінгі жәрменкеде жұмыспен қамту бойынша сұрақ көптеп қойылды. Бірінші топтағы мүгедек кісі жангер мамандығы бойынша өзіне лайық жұмыс іздеп жүргенін жеткізді. Біз оған бағыт көрсеттік. Enbek.kz сайтынан жұмыс қарап, сол бойынша мәлімет, ақпарат ұсындық. Бұған қоса, әлеуметтік көмек алуға зейнеткерлер, жұмыспен қамту бойынша жас мамандар да ағылып келді».

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-



Мұнда келушілерге 15 минуттың ішінде электрондық сандық қолтаңба да беріліп жатты. Бұл арқылы мемлекеттік мекемелерден анықтама алуға, мемлекеттік сатып алуларға қатысуға (егер сіз заңды тұлға болсаңыз), белгілі бір мемлекеттік органға тікелей шағымдануға («Виртуалды қабылдау») мүмкіндігіңіз болады. Нәтижесінде жылдам әрі сапалы ақпарат алып қана қоймай, уақытыңыз бен қаражатыңызды да үнемдейсіз.

Көзбен көрген жәрменкеде, тіпті қан қысымын өлшейтін бұрыш та жұмысына сақалай-сай тұр. Кеңес алуға келген үлкен кісілер мұнда қысымын өлшетуді естен шығармаған тәрізді.

Келесі жылдан бастап қалалық Әділет департаменті де жылжымайтын мүлікке құжат жинау бойынша тұрғындарға электрондық қызмет көрсету ісі қолға алынады деп күтілуде. Осындай онтайландырылған тәсілді тиімді пайдалану әр азаматқа жетістікпен пара-пар. Өйткені заман ағымына сай әрекет еткен жанның ғана жұмысы жүрелі болады.

ТІРШІЛІК



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қолдау

Қазак ертеден «Жетім көрсен, жебей жүр» деген ұлағатты сөзді қашан да биік ұстаған. Жетімн жылатпаған. Десек те, бүгінде ата-ана қамқорлығын көрмей, жәутендеген қара көздердің күн санап артып жатқаны көңілге қаяу түсірері анық. Елбасымыз бұл мәселені

Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһандандудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «2050 стратегиясы» Жолдауынан

жеттім. Олар жасаған жақсылықты ештеңемен теңестіруге болмайды. Жасым 21-де. Бүгінде өзімнің жеке продюсерім бар. Өнерде жүрген адаммын. Әртүрлі бағдарламаларда жүргізушілікпен



ЖАН ЖЫЛУҰ

шешу жолдарын қарастырып, тосқауыл қоюға мемлекет болып жұмыла жұмыс істеу қажеттігін айтты. Естеріңізге сала кетейік, 20 жыл бұрын Сара Назарбаеваның бастамасымен «SOS балалар ауылы» бой көтерген. Мұндағы балаларға жетімдікті сезінбейтіндей мүмкіндік жасалған. Кез келген тәрбиеленуші толық және үйлесімді даму үшін отбасы, мейірім, сүйіспеншілікті сезінеді.

Бүгінде бұл қалашық мерейтойын Алматы қаласы Оқушылар сарайында өткізді. Арнайы мерекеге балалар ауылының барлық демеушілері мен «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ бас серіктесі және басқа да серіктестері, тәрбиеші ана мен балалары, қонақтар және журналистер қауымы қатысты.

Салтанатты жиын Сара Назарбаеваның алғыс хатын оқумен басталды. Қала әкімі Бауыржан Байбек те өз тілегін жеткізді. Әкім 166 балаға әлеуметтік қолдау көрсетіліп, 20-дан астам бала туған-туысқанымен қайтадан қауышқанын хабарлады.

Мемлекеттік ұйымдардан жемісті жұмысы үшін тәрбиеші аналарға марапаттау қазыы тапсырылды. Сый-құрметке ие болған тәрбиеші ана Жанаркүл Бектұровамен тілдестік. Бұл істі жұмысым деп қана емес, өмірінің бір бөлшегі, негізі ретінде қарайтынын жеткізді. Ол «Тәулік бойы балдарымыздың жанында болып, барлық мейірімдімізді төгеміз. Танертен оятып, сабағына жібереміз. Көңілді не көңілсіз әр сәтінде қастарында анасы ретінде бірге боламыз. Мен бұл балалар қалашығында 2006 жылдан бастап жұмыс істеп келемін. Осы күнге дейін өзім 22 бала тәрбиеледім. Бүгінде менімен 7 бала бірге тұрып жатыр. Оның ішінде 4 қазақ, 2-і орыс, 1-і өзге ұлттан. Сырт көзге бала тәрбиелеу оңай болып көрінгенімен, шын мәнісінде, олардың тәрбиесімен жұмыс жасау өте қиын. Жеті бала болса, жеті түрлі мінезі бар. Бірақ олардың бір-біріне деген қарым-қатынасына баса мән беріп, ұлтқа бөліну-дегенді ойға да алғызбауға тырысамын», — дейді.

Бұған қоса, осындағы тәрбиеленушілер өздерінің шығармашылыққа жақын

айналысып, сериал мен клипке түсемін. Білім алдым. Колледжде аспаз дипломын алып, қазір Каспий мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша оқып жатырмын. Болашаққа жоспарларым өте көп» деп ағынан жарылды.

«Алматы SOS балалар ауылының» директоры Мира Сауранбаева мынадай



дереппен таныстырды. Бүгінде бұл қалашықта 60-тан аса бала тұрып жатыр. Кішікентайларға арнайы балабақша да бар. Мұнда 2 жастан 23 жасқа дейінгі балалар қамқорлыққа алынған. Оқуын бітіріп, жұмысқа орналасып, аяғына нық тұрмайынша, ешқайда жіберілмейді. Олардың қалауын мүмкіндігінше орындауға тырысады»

Мұнда қабылданатын тәрбиешілерге қойылар талап қатан. Осыдан 20 жыл бұрын жұмысқа отбасы, балалары жоқ әйелдерді ғана қабылдайтын. Бүгінде жана жобаға сәйкес жеңілдік қарастырылыпты. Енді кезекте екі баласы бар немесе балалары үлгіріп кеткендер де мұнда жұмыс істей алады. Тіпті толыққанды отбасы болу үшін тәрбиеші әке алу жағы да қарастырылып жатыр екен.

Жалпы, бұл SOS жоба елімізге 1994 жылы Сара Назарбаеваның бастамасымен қолға алынып, үш жылдан соң өз жұмысын бастады. Қазақстан «SOS балалар ауылы» бүгінде мемлекеттік емес білім беру



екендерін көрсетіп, ән-билерін көрмерменге паш етті. Мұндағы кез келген бала кәсіби білім алып, шығармашылығын шыңдауға да мүмкіндігі бар.

Соның бірі — Руслан Елбаев. Жас жігіт тек тәрбие беріп қана қоймай, ана махаббатын төккен абзал жандарға ризашылығын білдірді. Руслан «Аналарымның арқасында бүгінгі дәрежеге

мекемесі болып табылады. Бұл қалашық — жетім бала мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық жағдайға жақын етіп тәрбиелейтін орталық. Қамқоніл өрендерге бауыр, іні-қарындас тауып, ана махаббатына бөленуіне септігін тигізуде. Бүгінгі таңда 1086 бала SOS балабақшалары мен білім беру орталықтарында тәлім алып жатыр. Ал 96 түлек жеке өмірге қанат қауға әзірленуде.

Балалар ауылының түлектері арасында шаңырақ көтеріп, жеке отбасын құрғандар бар. 104 бала жоғары және арнайы орта оқу орындарында білім алып жатыр.

Бетті дайындаған
Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ӨҢІР

Жиын-терін

КҮРІШ ОРАҒЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Күріш — Балқаш ауданының байлығы. Осы тұрғыда аудан дикандары жаз бойы күтіп-баптап өсірген ақ маржанды төкпей-шашпай жинап, дер кезінде қамбаға құйып алудың қамына кірісіп те кетті. Мол өнім жинауда бар күшін жұмсап жатқан шаруалардың бүгінгі еңбегі ерен деуге лайық.

Аудан әкімі Ғалым Төкпейісовтан білгеніміздей, күріш орағына аудандағы шаруашылықтағы барлық техника жұмылдырылыпты. Бұдан соң аудан басшысы шаруашылықтың қырманына да барды. Онда қызу еңбек жүріп жатты. Тау-тау болып үйілген өнім қамбаға құйылуда. Тұқым мәселесіне жіті көңіл бөлген аудан басшысы қамбаға құйылған тұқымға көңіл аударып, сапалы тұқыммен ғана жақсы өнімге қол жеткізуге болатынын еске салды. Жалпы биыл аудан бойынша 8861 гектар жерге күріш егілді. Бұл дақылға орақ салған диканшылар қазір егіс алқабының 3500 гектарын дестелесе, 2042 гектарын бастырып та үлгерді. Оның өнімділігі әр гектардан 40 центнерден айналуда. Күріш орағына тоқсан комбайн жұмылдырылған. Оның 30-ы дестелесе, 60-ы астық бастыруға арналған. Техникалар жанар-жағармаймен де толық қамтамасыз етіліпті. Қосалқы бөлшектер де жетеді.

Күзгі егін жинау науқанына қажет дизель отыны «Қарамай Продакс» жауапкершілігі

Демек, биыл балқаштықтар күріштен мол өнім алатын болады.

ТӘТТІ ТҮБІРДЕН ТҮСІМ МОЛ

Күзгі жиын-терін жұмыстары қарқын алды. Тәтті түбір өсіруге ден қойған дикандар күздің әр күнін қалт жібермей, тиімді пайдалануда. Бүгінде Қаратал ауданына қарасты Айту би, Жолбарыс батыр ауылдық округтерінің егістік алқаптарында қарбалас тірлік. Еңбек адамдары қант қызылшасын жапырақтан тазартып, арнайы техникалардың күшімен қызылшаның шөбін шауып, түбінен ажыратып алып жатыр. Жиналған өнім жүк көлігіне тиеліп, қант зауытына жөнелтілуде. Алқапта үйілген қызылшаны көрген аудан басшысы жана инновациялық технологияның тиімділігі арқасында биылғы өнімнің мол болатынына сенім артты.

Жалпы қант қызылшасын егетін шаруалар жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр өңір бойынша 83 шаруа қожалығы барлығы 940 гектар алқапқа балтамыр тұқымын ексе, биыл бұл көрсеткіш 1100 гектарға жетіп, дақыл өсірумен айналысатын шаруа қожалығының саны жүзден асты.

Мемлекет қолдауы мен шаруа адамдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде өркендер жақсы өсіп, жетілді. Шаруа қожалықтарының агротехникалық шараларды толық сақтауы да оң әсерін тигізіп, тәтті түбірдің салмақ қосуы, қанттылығы көңіл қуантарлықтай дәрежеге жетті. Көкпекті ауылының тұрғыны Жеңіс

Халқымызда «Күздің бір күні жылға азық» деген нақыл сөз бар. Расында, қазір – еңбектің нағыз қызған шағы. Бұл мезгілдің әр күні кез келген адам үшін қымбат. Өйткені, жаз бойы төккен тердің өтелеетін тұсы да осы. Оның үстіне, Алматы облысы аграрлы аймақ саналатындықтан, осы өңірдегі жұрттың тыныс-тіршілігі ауыл шаруашылығы саласымен тығыз байланысып кеткен. Сондықтан да күзгі тірлікке деген жұрттың ықыласы нық, дайындығы мығым. Дөй тұрғанмен, өңірдегі шаруашылықтағы іс барысын мың рет естігеннен гөрі, бір рет көзбен көріп қайтуды жөн санап, аудан, ауылдарды аралап, елдің жайын біліп қайтқан едік. Біз барған ауылдарда қызу тірлік қайнап жатты. Күн астында, жел өтінде бір топ қызылша дала төсін шұға бөлеп, күзгі тірліктің көрігін қыздыруда. Таң сөріден тұрып, күн ұясына батқанша бір тынбайтын нағыз еңбек иелерінің бұл тіршілігіне қарап, іштей бас иесің. Айта кетерлігі, кейінгі жылдары өңірімізде қант қызылшасының өніміне деген сұраныс артып, облыстың, қала берді республикалық табыс көзіне айналып үлгерді. Күні кеше ғана «Көксу» және «Ақсу» қант зауыттары алғашқы өнімдерін қабылдауды бастап, халық алқаптағы жиын-терінге қызу кірісті. Бұдан өзге түрлі шаруашылықтың тізгінін ұстаған жерлестеріміз қызу еңбектің көрігін қыздырып жатыр. Былайша айтқанда, биылғы күзгі жиын-терін ойдағыдай өтуде.

сүдігер жырту жұмысы қолға алынуда. Жалпы күз айларында 17 мың гектар жер сүдігер жырттылу көзделген болса, қазірдің өзінде оның 3700 гектарға жуығы жыртылып үлгерген. Бұл таппақтарға 6500 гектар күздік бидай себуі жоспарланған болса, бүгінгі күнге дейін 3600 гектарға күздік бидай себілді.

Аудан еңбеккерлері күзгі жиын-терін жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы атқарып шығып, келер жылдың мол өнімі үшін берік негіз қалау жолында еселенген жігермен еңбек етуде.

Көксу ауданы Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты ауылындағы



қоймаларының бірі. Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы Алматыдан 75 шаршы шақырымдағы Еңбекшіқазақ ауданына қарайтын Шалқар ауылында орналасқан. Бұл шаруашылық Қапшағай су қоймасында су электр стансасы салынуына байланысты, балықтың өз еркімен уылдырық шашып-жетілуіне келергі болғандықтан салынған. 1973 жылы іске қосылған шаруашылықтың жалпы көлемі — 720 гектар. Елуге жуық тоғаны бар үлкен аймақ. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша Қапшағай су қоймасына жас шабақтар жіберіліп отырады. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің ұдайы өндіріс кешенінің кәсіпорындары балықтандыру жұмыстарын балық ресурстарын және де басқа да су жануарларын сақтау және өсімін молайту жөніндегі бюджеттік бағдарлама аясында жүргізеді. Шаруашылық тоқырау кезеңін бастан өткерсе де, сақталып қалды. Биыл бұл мекеме жекеменшікке өтіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналып отыр.

Алматы облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы басшысының орынбасары Аян Бахияновпен аталмыш шаруашылыққа барып, күзгі уылдырық шашу нақандық жұмыстың жай-жапсарын көзбен көріп қайттық. Мекеменің жаңа басшысы Жансая Бекет, еліміздің ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Елена Даныко бастаған мамандар жиналды. Шаруашылықтың бас маманы Болат Дүйсалиевтің айтуынша, осы жылы Қапшағай су қоймасына 8 миллионнан астам балық жіберіледі. Бірінші тоғаннан жиналған жас шабақтарды өлшеп сараптағанда, өсіп-жетілуі жаман емес, — дейлі мамандар. Олардың салмағы орта есеппен 20-27 грамды құраған.

— Бұл бір жылдық нәтиже. Егер екі жыл өсіріп дамытсақ, салмағы 600 грамға дейін жетеді. Мұндай салмақпен тұқы, дөңмандай, ақ амур асырауға қолайлы. Шығыны аз, су талғамайды. Сапасы жоғары, тіршілік етуге бейімді. Мәселен, ірі қараны өсіру үшін екі

ие балықтарды өсіп жетілдіруде мемлекеттің көмегімен алға жылжысақ дейміз, — дейді жаңа басшылық. Жекеменшікке өткен мекеме бірінші жылдағы жұмыс тәжірибесінің сәтті өтіп жатқанын айтып, келер жылдан да үмітті екенін білдірді.

Қарап отырсақ, елімізге Ресей, Қытай, Норвегия секілді елдерден түрлі консерві, мұздалатын күйде балық субесі, уылдырық пен теңіз балығы, асшаяндар тасымалданады. Соңғы жылдардың көрсеткіші бойынша импортталған балық өнімдерінің көлемі 47 мың тоннаны құраған. Отбасы денсаулығын сақтау үшін де бізге импорттан гөрі отандық балық өнімін пайдалану тиімді екені сөзсіз.

ЖЕМШӨП ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасының көмегімен қорасын малға толтырып отырған жанның бірі — Қаратал ауданындағы «Өмірбасөв» шаруа қожалығының иесі Сұлтанғазы Мұсанұлы. Төрт түліктің жай-жапсарын жақсы білетін қожалық иесі мал бағуды 2000 жылдан бастап қолға алған.

Алғашында қырық шақты ірі қарамен бастаған Сұлтанғазы Мұсанұлы алдыңғы жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мемлекеттен несиесі қаржы алып, сексен бес бас ірі қара және тұқымды асыл «Әулиеқол» бұқасының бесуеуін сатып алды.

Кәсіпкер өз әңгімесінде «Мал өсіру оңай емес. Қолдағы малымызға арнап 300 тоннаға жуық шөп, 10-15 тонна арпа-бидай әзірлеп, қыстау басына жеткіздік. Жемшөп қоры жеткілікті болмаса, малды қыстан аман шығару қиына түседі. Осыны ескерген біз малға қажет азықты мольнан әзірлеп алдық. Тек бір ғана қинайтын мәселе бар. Ол — ауыз су. Біз оны көрші ауылдардан тасып отырмыз. Былтыр қолмен құдық қазып көрген едік. Бірақ бұл жер сортаң болғандықтан, тұщы су 25-30 метрден кейін ғана шығады. Осы мәселе реттелсе екен деген тілегіміз бар. Алдағы уақытта мал бордақылайтын алаң салуды жоспарлап отырмыз» деді.

Мал шаруашылығының қыр-сырына әбден қаныққан қожалық басшысы келешекте кәсібін одан әрі кеңейтіп, мал басын бірнеше



КҮЗДІҢ БІР КҮНІ КӨПКЕ АЗЫҚ

шектеулі серіктестігі арқылы шаруашылықтарға тиісті бағада арзандатылып беріліпті. Ауыл шаруашылығы техникалар паркін жанарту мақсатында биыл он сегіз жаңа техника лизингке сатып алынған. Өңір бойынша барлығы 8861 гектар алқапқа күріш егілген, яғни бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда біршама жоғары. Аталған дақылды жинау жұмыстары да аяқталуға тағды. Оны шаруа жайымен жақын танысқанда аңғардық. Ала жазғы бейнеттің өтеуіндей бітік шыққан күріш масақтары иіліп тұр. Жайқала өскен ақ маржанды тезірек орып алуға тырысқан Ақдала ауылдық округіне қарасты «Өтес-Ақдала» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбеккерлері қазір бұл істе белсенділік танытуда.

Құрылғанына жиырма жылға жуықтаған «Өтес-Ақдала» ЖШС қазір жетпіс шақты адамды жұмыспен қамтып отыр. Науқан уақытысында олардың саны өсіп, жүзден асады. Аталмыш серіктестіктің тәжірибелі бас агрономы Ерлан Нұрлыбековтің айтуынша, мол өнім алу бағытында ауыспалы егістік жүйесін сақтауға баса мән берілген. Алқапта «Регуль», «Анаит» деп аталатын сорттар өсіріліпті. Алдағы уақытта күріштің жаңа элиталы тұқымын әкеліп, егуді жоспарлап отыр. Ол сапа жағынан да мақтаулы әрі мол өнім беретіндігімен ерекшеленеді, оруға да ыңғайлы.

Алқаптан жиналған күріш қырманға аттандырылуда. Ол Бақанас ауылында орналасқан. Біз сол жерге келдік. Тау-тау болып үйілген дақыл анадайдан менмұңдалайды. Онда пісіп-жетілген өнім шаң-тозаңнан тазартылып, ылғалдылығы тексеріледі. Бұдан соң кептіріліп, сортталады. Сөйтіп, «Өтес» деп аталатын зауытқа жеткізіледі. Бірнеше сатыдан өткен күріш бұл жерде арнайы құрылғылардың көмегімен тағы тазаланып, түрі ажыратылады. Содан кейін сапасы анықталып, іріктеліп, өңделіп, ақталып, қапталып, тиісті орындарға жөнелтіледі немесе қоймаға сақтауға қойылады.

Айта кетейік, шаруашылықта өсірілген ақ маржан бүгінде аймақтың түкпір-түкпірінде саудаланады. Аталмыш серіктестік аудан көлемінде өтетін әртүрлі шараға белсене қатысып, әлеуметтік, мәдени, спорттық іс-шараларға да араласады. Қажет болған жағдайда қиналғандарға көмек қолын созып, демеу көрсетуден де еш жалыққан емес. Қуанышпен бөлісіп, қайғыға ортақтаса білетін қожалық иесін тұрғындар құрметтеп қана қоймай, оны мекен тұтады.

Қашқынбай осымен үшінші жыл қатарынан қант қызылшасын егумен айналысып келеді. Биыл ол 11 гектар жерге тәтті түбірдің тұқымын егіп, жайқалта өсіріпті.

Осындай шаруа қожалығының жетекшісі кәлпелік Ержан Мейісбаев та сегіз гектарға егілген қант қызылшасын жинап алуға кіріскен. Қызылшаның шығымы жақсы болып, гектарынан 40 центнерден өнім аламыз деп жоспарлап отыр. Қос шаруашылықта техника мен адам күші де жеткілікті. Сондықтан, қант қызылшасын жинау жұмысы алдағы уақытта да қыза түспек.

Биыл Кербұлақ ауданы бойынша алғаш рет жүз гектар алқапқа қант қызылшасы өсіріліпті. Ал оны қолға алып отырған «Зарина» шаруа қожалығының еңбеккерлері. Сол жерге келіп, жүргізіліп жатқан жұмыстарды көрдік. Еңбеккерлер пісіп-жетілген өнімдерді жинауға кірісіпті. Терілгенін Көксу қант зауытына әкеп өткізбек.

— Қызылша өсірудің машақаты көп қой. Бейнетпен өсірген өнімнің жемісін көрген кезде біраз марқайып қалатынымыз рас. Ойлағдай өнімге қол жеткізу үшін жаз бойы еңбектендік. Өйткені, ерекше күтімді қажет ететін дақылға айрықша көңіл бөлу керек. Сонда ғана төккен тер ақталып, ісің оң нәтиже береді. Қазір біз қызылша жинауды бастадық, — дейді алқаптағылар.

Сондай-ақ олар биылғы өнім шығымының жаман еместігін, гектар берекелілігінің де көңіл толтыратынын және қанттылығының да жоғары болғанын айтып, қуандырды. Сондықтан, біз де олардың жұмыстарына сәттілік тіледік.

Ескелді ауданындағы Хильниченко, Досанов, Дүйсенбинов, Городецкая, Тойшыбеков, Қожамбетов, Бесікбаев, Қалметов, тағы басқа шаруа қожалықтарының қызылша алқабынан алынған тәтті түбірлердің алғашқы тасқыны қабылдау пунктіне жөнелтілді.

Қызылшашылардың қарбалас қимылының арқасында соңғы күндерге дейін қант зауытына 1100 тоннаға жуық балтамыр жеткізілді. Жалпы биыл аудан көлемінде 1490 гектар алқапқа қант қызылшасы отырғызылып, дайындау орнына 65000 тоннадан тәтті түбір тапсыру жоспарланып отыр. Алғашқы нәтижелер бұл меженің орындалатынына сенім ұялатуда.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрлан Керікбаевтың айтуынша, шаруашылықтар келер жылдың қамынан туындаған шараларды да ұштастыра жүргізуде. Айталық, өнімі жиналған алқаптарда дереу

«Нұрдымақун» жеке шаруа қожалығы. Жұмыстың жүру барысын бағамдай барған бізді шаруа қожалығының басшысы Қизат Абилов күтіп алып, бірден еңбегінің мән-жайымен таныстырды. Олар былтыр тек қана бес гектар жерге тәтті түбір ексе, биыл 22 гектар алқапқа қант қызылшасын отырғызып, бір гектардан 500–550 центнер өнім алуды жоспарлауда.

— Келешекте егіс көлемін 40 гектарға дейін жеткізбекпіз. Бас-аяғы төрт техника бар. Тұрақты түрде 3 адамды жұмыспен қамтып келеміз. Ал науқан кезінде 30 шақты жалдамалы жұмысшыға ақы төлеп, өнім жинаймыз, — деген Қизат Нұрдымақұнды мемлекеттен тұқым мен гербицидке субсидия алғанын айтты. Сондай-ақ шаруасын өрте дөңгелету мақсатында «Жеті нар» несиелік серіктестік» ЖШС-дан дала жұмыстарына арнап 3,5 млн теңге қаржы алған. Оны бір жылдың ішінде қайтарып береді. Еңбегі ретті болып жатса, келесі жылы қызылша қазатын техникалық құрал мен тағы бір трактор сатып алуды жөн көріп отыр.

Лабасы ауылдық округі бойынша 300 гектар жерге 74 шаруа қожалығы қант қызылшасын еккен. Жоспар бойынша зауытқа 11 тонна тәтті түбір өткізбекші. Бізді тәтті еткені — егістік алқабындағы қызу тіршілік. Бірі қант қызылшасын сабағынан ажыратып жатса, бірі трактормен жүк көлігіне тиеу үстінде. Осындай көрініске қуә болысып, іс іргелі болуына тілектестік таныттық.

БАЛЫҚ ТА БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Еліміздегі балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамып келе жатса да, мемлекет тарапынан серіпінді қолдауды қажет етеді. Балық шаруашылығын дамыту еліміз үшін маңызды. Біріншіден, теңізге шығатын жолдан тым қашықтамыз. Екіншіден, балық еті бізде ғана емес, шетелде де үлкен сұранысқа ие. Мәселен, балық экспорттайтын шаруашылықтар бүгінде 3 млн гектардан астам жерді пайдаланады. Үшіншіден, балық еті адам денсаулығына пайдалы, одан жасалатын өнімнен де түсім мол.

Еле өзені мен Қапшағай су қоймасы — еліміздегі ірі балық кәсіпшілік су

жыл уақыт кетеді. Ал балықтың өсу мерзімі өте қысқа. Жабық су қоймаларында сазан аналығын гипофиз гармонийн салу арқылы бір жылда екі рет уылдырық шашқызуға болады. Бір аналық 2 млн уылдырық тастаса, шамамен 150 мыңы тірі қалады. Мұндай көрсеткішпен 70 мың балық өсіп шығады, — дейді Елена Даныко.

Бірінші партиямен 600 бас жас шабақты тиеген автоцистерна жүк көлігімен Қапшағай су қоймасының Балтабай стансасына жеткізіліп,



болған жоқ. Оның үстіне дақылдарға демеу қаржы таләуің жолдары да жеңілдеді. Осы көмектің нәтижесін бүгінде жерлестеріміз көріп жатыр. Біз барған елді мекендегі тұрғындардың аузынан осындай жағымды жаңалықтарды естисеңде, ертеңгі күнге деген сенімнің арта түседі. Бұл — жұрттың игілігі үшін жасалған жақсы істердің жетістігі.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Ғасырлар қойнауынан

Тарих ғылымы – әмбебап ғылым. Тарихты шынайы

баяндау үшін белгілі бір халықтың тарихына қатысты археологиялық, этнографиялық, архивтік, фольклорлық, әдеби, деректанулық сынды сан алуан фактілерді, мұраларды сараптау барысында екселөніп төксерілген бұлжымастай дәлелденген оқиғалары ескерілуі тиіс.

Түрк халықтарының тарихы да ортақ, тағдыры да ортақ. Сондықтан, Ұлы даланың ұлаң-ғайыр жерін мекендеген түрк ортақ тарихын зерттеу жұмыстары бүгіндері жүргізіліп келеді. Күллі түркілердің арғы ата-бабалары Ғұн империясы (б.з.д. 209 – б.з. 155 жж.) құрамында 24, одан Түрк империясы (551 ж. – IX ғ.) құрамында 50-ден астам, Алтынорда мемлекеті құрамында 92 аса ірі тайпалық одақтар болды. Демек, бүгінгі түрк тілдес халықтарының ортақ аталары мен ортақ тарихы болды деген сөз. Қазіргі түрк халықтарының барлығы ата-бабаларының ортақ тарихы кезеңдеріне айрықша назар аударып тарихи ортақтығын естен шығармағаны абзал.

Бүгіндер жалған мүддемен, жасынды түрде жазылған «сепаратистік» бағыттардағы «тарихшылардың» көлеңкесінен

біртұтас түрк тарихымыз бен ортақ мұрамыз бар. Аталмыш ортақ мұраны меншіктеуге әсте болмайды. Тарих ғылымында «сепаратизм» жүрмейді. Неге? Ру, тайпа, этнос, этникалық топтар, ұлыс, ұлт бір мекенге қағып тастаған, қозғалмайтын қазық емес. Белгілі бір этностың қоғамдық-әлеуметтік тарихында талай-талай толқулар болды. Онда көрісі, қоныс, іргелес, қоныстас, шалғайлас көшіп-қону секілді сан қилы өзгерістерге душар болып келгендіктен, ортақ тарихты кесіп, жыртып меншіктеуге болмайды.

Осындай «сепаратизмді» жеке тұлғалар, әуеской «тарихшылар» жасаса кешірімді. Ең өкініштісі де, осындай жалған істер мемлекеттік деңгейде ұран салып көтерілу болып тұр. Мысалы, Қырғызстанда 2003 жылы «Қырғыз мемлекеттілігінің 2200 жылдығы» атап өтілді. Сонда дейміз-ау, қырғыздардың түрк билеушілеріне бағынышты болғандығы туралы Орхон жырларында анық баяндалады. Ол империя құрамындағы бағыныштылықты не деп түсіндіреміз! Қытай жазбаларына сүйене отырып, қырғыз зерттеушілерінің өздері мынадай мәліметтер келтіреді «...қырғыздардың түбі түркілерден тарамайды, олар түркілерді құраған «түрк» деп аталатын елмен тең атаның балалары екендігі айтылады» (К.Жусупов *Қырғыздар: Санжыра, тарых, мұрас, салт*) дейді. Олай болса, қырғыз тілі түрк тілдері жатпайтын, ала-бөтен қытай тілі секілді тіл ме? Қырғызбен өзге түрк халықтары тілмашсыз сөйлесе алмайды екен –ау?! Бұл сондай неткен



Себебін біз екі мәселе төңірегінде дәлелдейік. Ғұн империясы жайында осы мақаланы көлеміне байланысты тоқталмаймыз. Біз қырғыздар мәселесіне көңіл аударайық.

Бірінші мәселе – қырғыз мемлекеттілігінің 2200 жылдығы рас па?

Осы орайда айтарымыз, кейбір қырғыз тарихшылар айтқандай, 33 000 жыл бұрынғы Ақ уул, Қу уул деген аталарынан тараған болса, ол туралы бір уыс тарихи дерек, артефакт іздеп таба алмайсыз! Қырғыздар не себептен 2200 жылдық деп ұран салды. Бұл ешбір тарих ғылымының дәлелсіз, дерексіз саяси науқанға айналдырған үстірт түсінік деуден басқа амал жоқ.

Қырғыздардың этникалық, глоттогенездік, автохтондық,

сауда-саттық байланыстары секілді көптеген артефактілері қытай және өзге тілді жазбаларда кенінен баяндалуы тиісті еді. Археологиялық мол мұралары қалған болуы керек еді. Ондай деректер бүгіндер біз білетін тарих-деректанулық зерттеулерде жоқ, табылмаған. Сондықтан «ұлы державаны» дәлелдейтіндей нақты бір тарихи деректері, артефактілері жоқ, аталмыш анықтаманы «советтік көпірме айқайлары, ұрандатқан шулары» демеске амал жоқ. Орталық Азия тарихнамасында қандай да нақты бір тарихи дерексіз, артефактілерсіз «ұлы державаның» 2200 жылдығы» деген өтірік екендігі айдан анық болып тұр.

Екінші мәселе – Тянь-Шань аумағындағы сан ғасырлық археологиялық деректер кімдікі? Біздің ортақ Түрік тарихымыз бар

РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Әр адам өз туған жерінің тағдырына аландап тұрады. Менің де Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданындағы Шыңқожа батыр ауылында туып-өскендіктен, жақында ел жақтан

Ауылда туып, қалаға кеткен қандасым Азамат болсаң, ауылың ұмыт қалмасын. Ауылың өні, ауылың алтын бесігің Жігерің болса, жүрегің өлге арналасың. Сағынар ауылым бар, көзімді ашқан Шыңқожа – алтын бесік, өнге қосқан. Туған жердің тұмары төрімде тұр Таппаспын жер ұйығын сенен асқан!

Аякөздің өңірі төніп тұрған шежіре мен тарих. 15-ғасырлық тарихы бар Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Жол түсіп достым,

Аймаққа аты шыққан ауылым!



жақсы хабар алып, қуанышымды көппен бөлісейін деп қолыма қалам алдым. Шыңқожа батыр Каракерей табынан, Тума руынан шығатын Базарқұлдың баласы. Елге аманаттап жіберген батырдың бір мүшесі (*бас бармағы*) ауылдың ортасымен өтетін қан жолдың бойындағы ақтасты жотаның үстіне арулап қойылған. 2015 жылы 27 шілдеде Шыңқожа Базарқұлының алып мүсінін атқа мінгізіп, ат шаптырып, ас берілді. Тойдың болғанынан боладысы қызық демекші, «Ерлігі аңыз – ер Шыңқожа батыр» деген атпен менің кітабым да шығып, келген қонақтарға таратылды. Батырдың бұрындары орнатылған жаяу мүсінін, ауыл мектебінің алдына қойылды. Мақаланың тақырыбына келсек, ШКО бойынша биыл ең үздік елді мекендердің көрсеткіші анықталыпты. Аягөз шағын қалалар арасында бірінші орынға шықса, екінші орын Шемонаиха қаласына бұйырыпты. Ауданаралық жарыстан Зайсан ауданы алдыңғы орынға шығыпты. Облыс көлемінде ең үздік ауыл көрсеткіші Шыңқожа батыр елді мекеніне бұйырыпты. Туған ауылымның туы биік көтерілді дегеніміз – осы емес пе, ағайын! Ауылдан көптеген білікті азамат шыққан. Сондай адамдардың бірі – Мәжіліс депутаты Нұртай Сәбилиянов. Нұртай туған ауылына ауданның алды болып, су құбырын жаңғыртып ауыстыртты. Ауылдың бұрынғы мәдениет үйін қайта қанартып салып, кітапханасына кітап қорын ұлғайтып жарактандырды. Айта берсе, Нұртайдың аймаққа жасаған жақсы істері ұшан-теңіз. Алла деніне саулық берсін! Ауылымызда Екінші дүниежүзілік соғысының екі ардагерлері баянды өмір сүруде. Бірі – Нұртайдың 98 жастағы әкесі Салик ақсақал, екіншісі 97 жастағы ардагеріміз Қабден Смағұлов. Туған ауылыма «Тірек ауылы» деген тағы бір атақ беріліпті. Бұл сөздің төркіні көрші елді мекендерге үлгі-тірек болсын дегені ме деп ұқтым. Ауылдың осындай жақсы жетістігі, көппен бірге жақында сайланған ауыл әкімі Медет Түсіповтің туған жеріне деген ынта-жігерінің оңды нәтижесінің көрсеткіші екендігін атап айтқанымыз дұрыс. Осы ауылдың тумасы болғандықтан жиі барып тұрамын.

Аягөз деген, аядай бұлақ деседі, Жұрттардан қалған жұмбақты кімдер шешеді?

М.Мақатаев

Аякөз тағдыры бөлек, киелі өңір кешегі Ғасырлар көшін тарихтың өзі шешеді. Өзені тасып Балқашқа құйған бағзы да, Аякөз бүгін баянды өлке, көшемі!

(Автордан)

Таңсыққа барсаң тегінде Бір соқпай өтпе молаға сонау көрінген. Касқайып тұрған қазақтың осынау төрінде Бабаларыңның махаббаты көмілген.

(М.Мақатаев)

Махаббат мәңгі өшпейтін сезім

жаңғырып,

Қозы да өтті-ау, Баянды аңсап танды ұрып, Ғасырдан-ғасыр жарасқан екі ғашықты Сүйіскен жандар сүйісінін айтар, ән қылып!

Қарадан хан атанған хас батыр Қабанбай. Тума Шыңқожа батыр, жеті атасынан билік арылмаған Байғара би мен Ақтайлақ би, Ақтамберді батыр – жырау, Еспембет би – батыр Абылай ханнан алтын шапан киген, Әріп Төңіргеренов, Дулат Бабатайұлы тағы басқа көптеген ел аузындағы адамдар осы аймақта өмір сүрген.



Аякөз ауданы Ұлы даламыздың «Рухани жаңғыру» бағытына қосар үлесі орасан зор. Тәуелсіз еліміздің алдыңғы 30 ауданының қатарынан көрінінінен өз басым көміл сенімдіміз!

Туған ауылымның аң-құсына дейін киелі мен үшін! Шыңқожа ауылынан 40-50 шақырым жерде «Ақ шәукі, Қоныршәулі, Кіші шәулі» деген таулы аймақтар бар. Сол Қоныршәуліде Қабанбай батырдың қасиетті қара бүркіті өмір сүрген деген аңыздың шет жағасын естігенім. Жоңғар шапқыншылығында жау шапқанда қара бүркіт шақылдап шүйіліп Қабанбай батырдың ауылына астындағы аттарын танып аспанда айналып тұрып алатын көрінеді. Батырдың жасағы сол жақта қол бекітіп, жауды тосып алып соққыға жығып жеңіске жетеді екен. Батырдың жеңісі осы Қара бүркіттің қасиеті деседі бағзы аңыз деректеріне зер салсақ. Келесі жазатын кітабыма, бұл дерекке жеке тоқтала жазсам ба деген ниетім де бар, ағайын!

Дүйсенғали ҚАЛДЫБАЙТЕГІ,
журналист, ақын

Тарихқа «сепаратизм» жүрмейді



құтыла алмай келеміз. Олай дейтініміз, 1990 жылдардан бастап біздің Орталық Азия халықтарының тарихнамасында «ғылыми» спекуляция, дилетанттар, әуесқойлар жазған том-том кітаптар пайда болды. Оларда шеттен тыс бұрмаланған субъективті көзқарас қаптап кетті.

Әрине, тарих дегеніміз – қоғамдық-әлеуметтік күрделі заңдылықтары бар құбылыс болғандықтан, оның кейбір субъективті жақтарын саяси мүддеге де пайдаланып кеткендері бар. Мысалы, Орталық Азия елдерінде кімнің тарихы терең, Адам ата «менің ұлтымнан», Аттила «менікі», Шыңғыс «менікі» деген секілді жарыс ұшығып кетті. Шындығында, Орталық Азия елдерінің ортақ тарихы болуы керек. Әркім өз тарихым мынау деп жұлып алып, «сепаратизм» жасауға болмайды. Мысалы, «Манас» эпосында арғы атам ноғай дейді. Расында, Алтынорда заманында ноғайлы ұлыс болды.

Байырғы Ғұн, Түрк, Алтынорда сынды империялар құрамында қазіргі Орталық Азия түрк тілдес

жат халық?! Еуразиялық кеңістіктегі күллі түрк халықтарының ата-бабасы саналатын түрктен тарамаса, түркітерге ала-бөтендігі бар болса, жақындығы жоқ болса, бұл неткен халық сонда! «Манас» эпосы да түркке қатыссыз тілмен жырланған ба?!

Көне түркілердің тілі – қазіргі әзірбайжан, алабұға-татар, алтай, астрахан-қарағаш, балқан, барабин, башқұрт, божнұри, ғағауыз, долған, казак, карайым, каракалпак, карачай-балкар, қырғыз, қырым-татар, қырымчак, құмык, ноғай, салар, сары йұғыр, сонкор, татар, тофа, тыва, түрк, түркмен, өзбек, ұйғыр, ұрым, хакас (*хоңғарай*), халаж, хорасан-түрк, құваш, құлым, шор, саха (*якут*) тілінің арғы ата-баба тілі деген сөз. Демек кез келген түрк тілдес халықтары көне түркілердің құрамдас бір бөлігі, сол байырғы тілдің сарқыншағы сабақтастығы екендігін ұмытпағаны жөн.

Бұл олқылықтардың түпкі себебі – тарих ғылымының әлсіздігінен,

миграциялық тарихы біршама зерттеліп келеді, алуан түрлі болжамдар да айтылып келеді. Қырғыз халқының қалыптасуы, шығу тарихы туралы зерттеулер Орталық Азия тарихнамасында талас-тартысқа толы тақырыптардың бірі. Қырғыз этнонимі, олардың шығу тегі, байырғы ата мекені туралы зерттеулер Ресей, Еуропа, Батыс және Шығыс тарихшыларының назарында болды.

Сонымен біз білетін қырғыздар кімдер? Қырғыздар Қазақстанның оңтүстік-шығысында Төңірі тау (*Тянь-Шань*) мен Алатаудың арғы бетін мекендейді. Қырғыз тарихшысы Анварбек Мокеев «Махмұд Қашғаридың «Түрк тілдерінің сөздігі» еңбегінде Жетісу, Тянь-Шаньда қырғыздар болғандығы туралы ешбір мәлімет жоқ... Археологиялық, тілдік, этнографиялық тұрғыдан Енисей қырғыздары Алтай-Ертіс аумағындағы кимак-қыпшақ, тоғыз-оғыз, қарлұқ мәдени шеңберлерімен тоғысып, толысып қазіргі Тянь-Шань қырғыздарының ерекше болмысын XIV ғасырлардан Жетісуға қоныс теуіп қалыптастырды...» деп тұжырымдайды.

Ал қырғыздар тарихын зерттеуші Ю.С.Худяковтың пікірінше, «...шығыс түркістандық қырғыздар кейіннен Тянь-Шаньға қоныстанып, жергілікті Тянь-Шань маңындағы ирантілдес халықтармен, Моғолстандағы түркітілдес түрк-моғол тайпаларымен және ойраттардың өзге тобымен араласуы арқылы қазіргі қырғыз халқын құраған болуы керек» дейді.

Бұрын Орталық Азия тарихнамасында «ұлы қырғыз державасы» деген жалған атау пайда болған еді. Қазіргі оңтүстік Сібірдің Минуса алқабы, Ұлық Кем-Енисей өзені, Саян тау, Байкал көлі бойында шоғырланған ойраттар, бұрыятастар, барқұндар, ұрсұттар, қабақнастар, қырғыздар, азлар, чектер, тубалар, канкастар сынды тайпалар негізінде құрылған тайпалық одақтар болған. Бұл тайпалық одақтар «ұлы державалық билік құрғандығы» рас болса, олардың билеуші әулет шежірелері, қаған аттары, билік жүйесі, ру тайпалық құрамы, елшілері, қала қалашықтары,

дедік. Оның да археологиялық сан қилы мұралары Еуразия көлемінде молынан сақталынған. Түрк текті йағма, чігіл, қарлұқтар одағы іргесін қалаған Қарахан мемлекетінің (*IX-XIII ғғ.*) ордалық астанасы Балғасағұн қаласы «қырғыздардікі» ме? Талас, Шу, Тянь-Шань аумағындағы көне түрк дәуірінің (VII-IX ғғ.) жүздеген тас мүсіндері, ғұрыптық кешендері, қала-қалашықтары «қырғыздардікі» ме?, тілгі Тянь-Шань аумағындағы түрк дәуірінің археологиялық мәдени қабаттарының артефакті мұраларының барлығы «қырғыздардікі» ме? Әрине, олай емес!

Төңірі тау (Тянь-Шань), Жетісу, Талас аумағын V-XIII ғғ. аралығында түрк текті ұлыстар, тайпалық одақтар ежелден мекендеп келді. Тянь-Шань аумағындағы оларға қырғыздар XIV ғасырдан бастап қоныс аударып, аралас-құралас болып келген еді.

Түрк империясы күллі түрк тектес этностарды, көшпелі ұлыстарды көк байрақтың астына біріктірді, Еуразия кеңістігінде алып империяны сомдаған еді. Көне түркітер орнатқан осындай империямен сол заманда терезесі тең келер бірде-бір мемлекет болмаған еді. Ол кездері жер бетінде жүз мыңдаған ауыр қаруланған ұзын найзалы «түмен-түмен» атты әскерлер Елдің қамы, жердің тұтастығы үшін басы барларды идірген, тізесі барларды «шөктіріп» бүктірген, «Төңірі текті бек ұлдарды құл болғызбай, сұлу қыздарды құн болғызбай, ішкер асын мол еттім, киер кімімнен кен еттім, кедейлі бай қылдым, аз халықты көп қылдым, жақсылап тыңда! ақылмен ұқ!» дейді сол кездердегі бігіктастарда білікті қағандар мен асыл бекзаттар. Иә, бұл шын мәнінде көне түркілердің әлемдік тарихи сахнасындағы асқақтаған биік кезеңі болатын. Демек, Еуразия кеңістігінде билік еткен осынау алып империяның ортақ бітім-болмысын баяндау тым күрделі де сан қилы тарихи-деректерді жинастырудан бастап, ғылыми дәлелді, тиянақты зерттеуді ерекше талап ететіндігін тарихшылары естен шығармауы абзал.

Нәзіл БАЗЫЛХАН,
түркітанушы ғалым

халықтарының барлығы болды. Еуразиялық кеңістікте құдыретті де қуатты саяси күш-қайратын танытқан

тарихи нақты білімсіздіктен, рухани жұғандықтан, ата-баба шежірелік сауатсыздығынан деп білеміз.



Спорт және туризм

ТУРИЗМНІҢ ТӨРІ

Тау койнында, үш өзеннің тоғысқан тұсында орналасқан Текелі қаласына сәті түсіп, сапарлап бардық. Жетісу жеріндегі ең ұзын көшесі бар монокаланың тыныс-тіршілігімен танысып, көз тартар нысандарын тамашалап қайттық.

Бізді Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғалым Қызылбаев күтіп алды. Қаладағы қайта жөндеу жұмыстарынан өткен нысандарды аралауды бірден бастап кеттік.

Алдымен Ардагерлер саябағына ат басын бұрдық. Жеңіс көшесінде орналасқан Екінші дүниежүзілік соғысы ардагерлеріне орнатылған ескерткіш, кіреберісте алты үлкен және екі кіші қақпа менмұдалап тұр. 2016 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген Ардагерлер саябағына 38,168 миллион тенге жұмсалды.

Бүгінде саябақ қала көркіне айналған. Текелідегі үйлердің ауласында балалар шат-шадыман шаттыққа бөленіп, асыр салып ойнап жүр. Тәуелсіздік көшесіндегі №24 үйге қарсы орналасқан ойын алаңқайына көзіңіз түспеуі мүмкін емес. Сырғанақ, өткеншектің екі түрі, кішкене мұнаралардан тұратын балаларға арналған үйшіктер, темірден жасалған жаттығу, ойнау құрылғылары орнатылған. Ойын алаңқайындағы құрылғылар жөнделіп, мүжілген жерлері түзетіліп, тот басқаны боялып қайта қалпына келтіріліпті. «Бар жақсы балаларға» дейміз. Текелі қаласының №4 балабақшасына да бас сұқтық. Аулада балалардың шат-шадыман күлкісі естіледі. Жалпы, Текелі қаласында бес балабақша жұмыс істесе, соның төртеуі мемлекет қарауында. Біреуін жеке кәсіпкер тұрғызыпты. Біз есігін аттаған №4 балабақша 2012 жылы «Балапан» бағдарламасымен іске қосылған. Ұйымдастырушы Жәмила Тұрарқызы балабақша пайдалануға берілген күннен бастап қызмет істеп келеді. Бүгінде балабақша ұжымында 140 бала бар. Олар алты топқа бөлінген. Ойын алаңдары бірден көз тарталы.

Мәдениет және демалыс орталығына кіргенде алдыныздан құлынды бие мен таутекенін мүсіні шығады. Жалпы саябақ ішіндегі бұғы мен жолбарыс, қар барысы, түйе, қанатты барыс сияқты мүсіндер келушілерге ерекше әсер етеді. Саябақтың ортасындағы үлкен субұрқак та көздің жауын алады. Саябақ ішін аралап жүргенімізде «Қара жорға» әнінің сазын әуелетіп, үш киіз үйді ұлттық нақышта безендірген қымыз сатушыларға көзіміз түсті.

Саябақта балалардың жаз бойы донғалақ (ролик), сигвей сынды заттарды тегтеу мүмкіндіктері бар. Кіреберісіндегі есікте: «Ертегілер еліне қош келдіңіз!» деген жазу тұр. Тап бір ертегілер еліне сапар шегіп жүргендей сезінесіз.

Келесі көз тоқтатқан нысан – СЭС құрылысы. «АСПМК-519» ЖШС Қора өзенінен қуаттылығы 21,5 мВт болатын СЭС

етті. Одан кейін қала әкімі Бақтияр Өнербаев журналистерді қабылдап, іттипат көрсетті. – Мәдениеттілік амандасудан басталады. Қазір бір кіреберісте тұрып, далаға бірге шығып жүрсе де амандаспайтындар бар. Таңғаламын. Мәдениетті әркім өзінен бастауы керек, бүгін көріспе мен бастап амандассам, ертен ол амандасады. Ең алғаш Текеліге студент кезімде келдім, табиғатын керемет ұнаттым. Бірақ осы қаланың әкімі боламын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Есімде, сол бір жылдары аналарымыз,



Алдыңғы пландағы суреттер мен Бесшатыр обалары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтірілуде.

Бүгінде осы мұралар ел мен жердің кәдесіне жарап, жұрттың ықыласына бөленіп, алыс және жақын шетелдерден келетін туристердің қызығушылығын арттыруда. Осы тұста облысымызда туризм саласын дамыту үшін кереметтей іргелі істердің атқарылып жатқанында айта кеткен жөн. Сондықтан осы жолы Жетісу өлкесінің туризм саласындағы үлкен жетістіктеріне арнайы тоқталғанды жөн көрдік.



Орайдағы жұмыстарды бастап кеттік.

Нәтижесі жақсы, — деді Текелі қаласының басшысы.

Бүгінде Текеліде «Нұрлы жер» бағдарламасымен 430,4 миллион тенгеге 80 пәтерлік тұрғын үй салынып жатыр. Ол жетімдерге, мүгедектерге, зейнеткерлерге және жас мамандарға беріледі. Қаладан Неке сарайын, үлкен кітапхана, архивтерді жинап және сақтайтын ғимарат салу — әкімнің арманы. Бүгінде тозығы жеткен қауіпті

Әлем картасындағы ұлан-ғайыр даланы алып жатқан қазақ даласы қашаннан ұлы мәдениет пен өркениеттің, өзгеше тіршіліктің бұршік жарған құтты мекені. Осы дала төсіне жүргізілген экспедиция мен тарихи, археологиялық қазба жұмыстары барысында қол жеткен табысының кешеден бүгінге жалғасқан адамзат жасампаздығының сан қырлы құпиясын білуге, сезінуге, тануға жетелеп келеді. Әрине, қазақ даласын бір-бірінен бөле-жара қарауға болмайды. Алайда Алматы облысының өзіне тән белгісімен әспеттелетін мәдени құндылығы жеткілікті. Оның түп негізін тереңірек зерделеуге тура келеді. Ең алдымен айтарым, өлкеміз тарихи құндылыққа бай. Даламыздағы күмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа бөленген әсем сарайлар, биік тұғырға орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер — ата-бабалар парасатының жарқын үлгісі. Бұл үрдіс бүгінде өз маңызын жоғалтпай, жалғасын табуда.

Осындай көркем табиғатпен тыныстап өскен өлкеміз тарихи мұралардан да кенде емес. Басқасын айтпағанның өзінде, бір ғана «Алтын Емел» ұлттық-табиғат паркінің аумағы — тұнып тұрған тарихи байлық. Тіпті зерттеушілер аймақты ашық аспан астындағы мұражай деп те атайды. Сондай-ақ өңіріміздің ежелгі ескі дәуірінен сыр шертетін Қойлық, Талхиз, Қаракемер қалашықтары, «Таңбалы тас», «Бесшатыр» қорғандары, Айғай құм мен Әулие ағаш, Тамшыбұлақ пен Шарын шатқалы кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Қазір мұндағы тасқа қашалған суреттер мен Бесшатыр обалары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтірілуде. Бүгінде осы мұралар ел мен жердің кәдесіне жарап, жұрттың ықыласына бөленіп, алыс және жақын шетелдерден келетін туристердің қызығушылығын арттыруда. Осы тұста облысымызда туризм саласын дамыту үшін кереметтей іргелі істердің атқарылып жатқанында айта кеткен жөн. Сондықтан осы жолы Жетісу өлкесінің туризм саласындағы үлкен жетістіктеріне арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

да қораға ұқсайды. Соңғы бірнеше ондаған жылдарда тарихшылар мен археологтер біраз зерттеу жұмыстарын жүргізгендігі де бізге аян. Солардың ішінде ертедегі будда дініндегі миссионерлердің бізге жеткен мұрасымен толыға түскендігі. Мұны бөле-жара айтып отырғанымызға себеп, осы Қора өзенінің жазыққа қарай шығар аңғарының (өзеннің ағысымен) оң жақ жағалауында үлкен, бойына тарих белгісін жинаған алып қара тасты көреміз.

Бұрқанбұлақ сарқырамасы теңіз деңгейінен 2000 метр биіктікте құздан құлай ағады. Ол Талдықорған қаласынан 100 шақырым, Текелі қаласынан 55 шақырым жердегі Жоңғар Алатауының аса бір шұрайлы жері — Қора өзенінің шатқалына орналасқан. Бұрқанбұлақ — Жетісу жеріндегі ең биік сарқырама. Ол — 125 метр адам аяғы баспайтын құз басынан құлақ тұндыра күркіреп, тонналаған мұздай суы құлай ағып жатқан жұмбақ құбылыс. Қарақошкыл гранитке ұқсас жартастан мөлдір моншақтай құбыла төгілген су, көк жасыл мұк басқан, көкке өрмелеген алып тастан сырғанап аққан сарқыраманың бүкіл бойында кемпіркосақтың барлық түсімен құлшыра ойнап тұрады. Ғажап көрініс. Жайқалған ағаш пен жұпар иісі аңқыған шөп Қораның ажарын кіргізсе, аңы мен құсы — өз алдына бір төбе. Бұл манайда өткен ғасырда талай ғалымдар мен оқымыстылар болып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Шынында да мұндай ауа, су, жер, көрікті, әсем жайлау ешбір жерде жоқ. Соның қадіріне жетсек болғаны. 20 қазанда Текелі қаласында облысымыздағы бүкіл аудандардың, қалалардың қатысуымен халықаралық туристік форум өтті. Бұл — туризмді дамытудың бастамасы. Ісі алға басқан қаланың бүгінгі көрінісі, тыныс-тіршілігі, міне, осындай.

ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

Табиғат. Осынау жалғыз ауыз сөздің аясы соншалықты кең. Бізді қоршаған орта —



міндеті. Адам — табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғатсыз адамның, адамсыз табиғаттың өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан үлкен-кіші әрдайым қоршаған ортаны таза ұстап, құрмет тұтуы қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы мақала жазудағы негізгі мақсат — сөндірілмей тасталған шырпы мен жайқалып тұрған орман-тоғайды құртып жіберетінін, ал бір ағаштың өсуіне қаншама жылдар керек екендігін табиғат аясында демалушылардың естеріне салу. Қоршаған ортаны құрметтеу — өзінді құрметтеу екендігін түсіндіру. Бұған тек осы сала қызметкерлері ғана емес, еліміздегі табиғат сүйетін барлық азаматтар атсалысса екен деген ниет.

Орайы келгенде айта кетейін, орман-тоғайлардағы, қорықтардағы, ұлттық табиғи саябақтар мен тағы басқа да ерекше

Басына қатер төнген ортадан аң екеш аң да қарасын батыратыны аян.

Іле Алатауы ұлттық табиғи саябағы. Іле Алатауының әсем табиғатын қорғау, өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау, туризмді дамыту мақсатында 1996 жылы құрылған. Орталық Азиядағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ішіндегі аса ірілерінің бірі. Оның аумағы 202 мың гектар ауданды алып жатыр. Оның құрамына Мелеу, Ақсай, Талғар, Есік, Түрген бөлімшелері, Алматы мемлекеттік қорықтары кіреді. Саябақ аумағынан Түрген, Есік, Талғар, Кіші және Үлкен Алматы, Қарғалы, Ақсай, Қаскелең өзендері ағып өтеді.

Парктың флорасы 1 мыңнан астам өсімдіктен тұрады. Бұл өсімдіктердің 36 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген. Сондай-ақ мұнда аңның 43 түрі, құстың 138 түрі, балықтың 8 түрі қорғауға алынған.

Шарын ұлттық табиғи паркі — Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Райымбек және Ұйғыр аудандарында орналасқан мемлекеттік парк. Ол 2004 жылы ұйымдастырылған. Жер көлемі 93,2 мың га. Ұлттық парк 1964 жылдан бері республикалық маңызы бар табиғат ескерткіші ретінде қорғалып келді. Шарын шатқалы — Үлкен Колорадо каньонының (АҚШ) шағын түрі іспеттес. Оның «Қызғылт қамалдар» деген тағы бір атауы бар. Себебі бұл жердегі алып жартастар өздерінің таңғажайып пішіндерімен таң қалдырады.

«Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық саябағы мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 ақпандағы № 88 қаулысымен құрылды. Саябақ аумағында теңіз деңгейінен 1800-3500 метр биікте өсетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, керемет өзендер мен көлдер, қырлы ландшафттар кездеседі. Әлі де болса адамдардың шаруашылық тіршілігі жүргізілмеген ерекше табиғи орта сақталған. Тау өзендері, құздар, көлдер мен өзендер түрлі-түсті бояуға боялған. Бұталы өсімдіктер осы аумақты тартымды да көрікті ете түседі. Ауа райы демалу және сауықтыру үшін қолайлы. Қысы жұмсақ, ауасы таза. Қысқы

демалысқа әбден жарап тұр. Көлсай көлдеріне жаяу және атқа мініп, ал Қайыңды көліне дейін автокөлікпен баруға болады. Сонымен қатар жол бастаушы мен экскурсовод-нұсқаушылардың қызметін пайдалануға болады. Ұлттық парк аумағы Талғар және Райымбек аудандарының аумағында орналасқан. Көлсай өзенінің ағымында үш көл — Жоғарғы Көлсай, Ортанғы Көлсай, Төменгі Көлсай бар.

«Алтынемел» табиғи саябағы 1996 жылы құрылған, Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов аудандары аумағында орналасқан. Ауданы 161,1 мың гектар. «Алтынемел тауын қамтиды. Мұнда аңның 6 түрі (*таутеке, қарақұйрық, құлан, қызыл қасқыр және т.б.*), сонымен бірге құстың 231 түрі, балықтың 30, өсімдіктің 1800 түрі қорғауға алынған.

Жоңғар Алатауы — Қазақстанның шығыс бөлігіндегі тау. Жоңғар тау жүйесінің солтүстік және солтүстік-батыс жалғасы болып табылады. Ол солтүстігінде Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстігінде Іле өзені арнасы аралығында ендік бағытта созылып жатыр. Ұзындығы 450 км, ені 100-200 км. Жоңғар Алатауын батыста Көксу өзені, шығыста Буратал өзені кесіп өтеді. Бұл екі бөлік Солтүстік және Оңтүстік Жоңғар Алатауы деп аталатын екі үлкен тау жотасын құрайды.

Осы орайда айта кетейік, елімізде табиғат қорғау мәселесіне үлкен мән берілуде. 1997 жылғы 15 шілдеде «Қоршаған ортаны қорғау туралы», ал 1997 жылғы 6 тамызда «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдар қабылданып, оларды жүзеге асыру үшін игі істер атқарылуда. Биыл «Көлсай көлдері» табиғи саябағының құрылғанына 10 жыл толып отыр.

Көлсай көлі өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында таныла бастады. Оның ең бірінші ашылуына атсалысқан және себепкер болған сол кездегі мемлекет басшысы, қазақ халқының біртуар азаматы Дінмұхамед Қонаев еді. Бұл ретте қоғам қайраткері, Алматы облысының басшысы болған Асанбай Асқаровтың да еңбегі зор. Үкімет 1998 жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарамағына Көлсай көлін ғылыми негізде ары қарай дамыту мақсатымен қамқорлыққа алды. 1999 жылдан бастап саябақтың құрылуы жөніндегі негіздемеге экологиялық сараптама жүргізіліп, аумақ табиғатын сақтап қалу мақсатында біраз жұмыстар жасалды. Бір жылдан соң орман және аңшылық жөніндегі комитетке аумақты ұлттық парк есебіне қосып, ерекше қорғалатын табиғи аумақ дәрежесіне көтеру жайлы ұсыныс жасалды. Ұсыныс қолдау тауып, негіздемеге арнайы

құрылысын жүргізіп жатыр. Демек болашақта қала тұрғындары қуат тапшылығын көрмейді. Текелі мен Шажа қосылып, Қора өзеніне тоғысқан тұстың көрінісі ғажап!

Ғалым Төлегенұлы өзі аралатып, мән-жайын айтқан бес нысан бізге ерекше әсер

тұрғын үйлер тізімге алынған. Ондай үйдің тұрғындарына қаланың келесі аумағынан жер, болмаса үй беру жайы қарастырылуда.

Текелі дегенде, ең алдымен ойымызға Қора шатқалының оралатындығы белгілі. Екі жағы алып таулармен қоршалған шатқал шынында

жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді. Ал сол қоршаған ортамыздағы әсем табиғатты көздің қарашығындай сақтау, қорғау, табиғатты аялау әр адамның

қорғалым аймақтарындағы жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?!» демекші, тіршілікке жайлы жер (*біздің жағдайда — қатерсіз жер*) — адамды айтпағанда, аң екеш аң үшін де арман.

қаржы бөлінді. «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) мемлекеттік мекемесі Қазақстан үкіметінің қаулысына сәйкес құрылды. Ұлттық парктің жалпы алаңы —161045 га. Комитет бұйрығымен Жамбыл Мыкитанов парк директоры етіп тағайындалып, 2007–2010 жылдар аралығында мекемені басқарды. Ұлттық парк ұжымын 2010 жылы — Қуат Байтұрбаев, 2011 жылдан бері — Әміржан Малыбеков басқарып келеді.

Өткен 10 жыл ішінде бұл саябақ кезең-кезеңмен дамып, бүгінде республика көлемінде ғана емес, алыс-жақын шетел азаматтарына да танымал. Қазір ұлттық паркте аумақтың табиғатын зерттеу, байлықтарын үнемдеу, қорғау және сақтау бағытында үш бөлім — ғылым және мониторинг, табиғат кешендерін қорғау қалпына келтіру, экологиялық ағарту және туризм бөлімі жұмыс істейді. Ұлттық парк жүйелі түрде «Табиғат жылнамасын» жүргізеді. Ол — қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар ұлттық парк аумағының мониторингі шеңберінде жүргізіледі.

Ұлттық парк ботаника, зоология институттары сияқты ғылыми мекемелердің білікті мамандарымен бірлесіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу жайлы өзара келісімшартқа отырып, жоспар бойынша қомақты істерді жүзеге асыруда. Биік таулы аймақтарда мекен ететін, сирек кездесетін аң төресі — барыстың 2014 жылы «Көлсай көлдері» ұлттық паркінен табылғандығы мұндағы қызметкерлердің зор мақтанышы. Бұл аң әлемнің санаулы ғана елдерінде бар. Атап айтсақ, Қырғыстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ресейдің мұз құрсаңнан таулы аймақтарында кездеседі.

Ең бастысы, ғылым, ғылымсыз табиғат қорғау ісі толыққанды болмайтынын ескере отырып, биоалуандықты зерттеу үшін ғылым бөлімі жұмыс жасауда.

Осы орайда демалушыларға табиғаттың ластануы адам денсаулығына, өсімдіктердің өсуіне, жануарлардың тіршілік етуіне зиянын тигізетінін айта отырып, атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, қаймағын бұзбастан, сол табиғи күйінде келер ұрпаққа жеткізейік демекпін.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ МОЛ

Алматы облысы — туризмнің қайнар көзі. Табиғаттың тілмен айтып жеткізуі мүмкін емес. Талайдың таңдайын қақтырған Көлсай, Қайыңды көл, Шарын шатқалы кімді болса да «менмұңдалап» шақыратыны анық.



ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Саябақ аумағындағы өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеудегі зор енбектің жемісі ретінде үш кітап жарық көрді.

Орманды өрттен қорғау жайында да сөз қозғай кетейік. Өрт орманға орасан зиян келтіріп, орман қорының жойылуына әкеп соғады. Бұл — болуы мүмкін апаттардың ішіндегі ең қауіптісі. Жыл сайын мекемеде ауыл шаруашылығы министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті тарапынан келетін бұйрыққа сәйкес, ақпан, наурыз айлары «өрт қауіпсіздігі маусымына дайындық айлығы» болып жарияланады. Айлықтың мақсаты — ұлттық саябақтардағы өрт қауіпсіздігін күшейту және өрттің алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізу, өртке қарсы күш пен құрал жабдықтарды жұмылдыру, мемлекеттік инспекторларға өрт қауіпсіздігіне байланысты оқу жұмыстарын жүргізу болып табылады. Біздің табиғатымыз көрікті де, сұлу. Осындай тамаша табиғатты тілсіз жаудан қорғау — әр азаматтың борышы.

МҰТП аумағында табиғатты қорғау заңнамаларын бұзу деректерінің алдын алу, анықтау мақсатында мекеме Райымбек аудандық Ішкі істер бөлімімен, «Саты» шекара заставасымен бірлесіп, жұмыс жүргізеді.

Экологиялық ағарту мен экологиялық туризмді дамыту мақсатында биылғы жылы №4 «Күрметі ауылы — ортаңғы Көлсай көлі», №5 «Күрметі ауылы — Қыземшек тауы» бағыттары қосылыпты. Жылдан-жылға арнайы есепшот өсіп келеді. Бұл да еселі енбектің көрінісі. Былтырғы жылы Көлсайдың инфрақұрылымын дамыту мақсатында 49

Ел экономикасына өлшеусіз үлес қосып отырған осы аймақтар, келешекте басты табыс көзіне айналады. Бүгінгі күннің өзінде шетелдерден келетін туристердің саны артып, әлемге таныла бастады. Оның сыртында Алакөл, Балқаш көліне демалушылар саны жыл сайын еселеніп, олардың жағасындағы демалыс орындары заман талабына сай бой көтеріп, ауқымы ұлғайуда. Туризмнің дамуына қарқынды қадам жасап отырған аймаққа мемлекет тарапынан да қолдау көрсетіліп, бар жағдайды жасап жатыр.

Мәселен, биылғы жылы Алакөлге еш қиындықсыз демалып кету үшін әуежай салынды. Арнайы рейс ашылып, демалушыларға қолайлы мүмкіндік жасалды. Алматыдан теміржол қатынасы да ретке келтіріліп, туристік бағыттар ұйымдастырылды. Оның сыртында Қапшағай, Балқаш көліне келушілердің де саны артып отыр. Тек жазғы орындарға да бағыт әзірленіп, бүгінде өз жемісін беруде. Сонымен қатар облыстық туризм басқармасының ұйымдастыруымен және жекелеген туристік клуб, агенттіктердің қолдауымен түрлі туристік басқосулар өтуде. Ішкі туризмді дамыту үшін көптеген спорт жарыстары ұйымдастырылып, жеңіске жеткен командалар марапатқа ие болды. Оның сыртында халықаралық туристік жиынға елімізден командасы қатысты. Осындай толайым табыстың бірі біздің өңірімізде болды.

Айталық, Халықаралық туризм күніне орай, Көксу өзенінің бойында әртүрлі спорт жарыстарына арналған облыстық слет өтті. Үш күнге созылған бәсекеге өңір бойынша

спорт академиясының білімгерлері де қатысып келеді. Осындай оқиғалар өзге өңірлердің де қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

— Мұндай шаралар салауатты өмір салтын сақтауға шақырады. Еліміз деңі сау ұрпақтың арқасында дамиды. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы спортқа бір табан жақын болуы керек. Біздің облысымыз тамаша табиғатымен ерекшеленеді. Сол арқылы туризм саласын дамытып, алыс-жақын жерлерден қатысушылар санын арттыруға тиіспіз. Ол үшін осындай шаралар көптеп өтуі керек, — деді облыстық туризм және ақпараттық қызмет көрсету орталығының директоры Нұрлан Байғабылов.

Сайыстың қорытындысы бойынша, ересектер арасында алматылық «ҚазАСТ-2»

бас сұққан чемпионды тосын сый күтіп тұрған еді.


Кездесудің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Әлібек Жаканбаев: «Қазақстанның атағына атак үстеп, даңқы мен паркын еселер бірден-бір сала — спорт. Осы жолда өзінің қайталанбас ізін қалыптастырған, тәуелсіз мемлекетіміздің мерей-мертебесін тұғырлы еткен Канат Исламның алатын орны ерек. Көк байрағымызды көкке желбіретіп, Әнұранымызды асқақтата бер» дей келе боксшыға «Алакөл ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, төсбелгісін кеудесіне тақты.

«Шаршы алаңға шыққанда алдымен өзімнің емес, жанкүйер болып отырған елімнің намысын ойлаймын. Себебі, мен үшін Алаштың абыройынан ардақты, халықтың ықыласынан қадірлі ештеңе жоқ. Тек сіздердің қолдауларыңыздың, қоллапастауларыңыздың арқасында ғана Канат «Қанат» атанды. Жетістіктер де, жеңістер де менікі емес, Қазақстандікі», — деп ағынан жарылған батырымыз алқалы қауымға арқалы топта алғысын білдірді.

«Елімнің көк туын желбіретуден артық бақыт жоқ» деп, ұлт мүддесіне қызмет етуді, халық үшін жұмыс істеуді, елімен бірге марқайып жүруді өмірлік ұстанымына айналдырған Канатпен жүздесуге қала мектептерінің оқушылары, салауатты өмір салтын ұстанып, спортты жанына серік еткен оғландар жиналды. Бәрі қос жанарын, бар көңілін ол кіріп келетін есікке аударып, тағатсыздана күтті. Межелі уақыт жеткенде аудан әкімі Ә.Жаканбаевтың зор ықыласымен қазақтың батыры төбе көрсетті. Көпшілік Құрманғазының кең даланы, еркіндікті, азаттықты бейнелейтін «Сарыарқа» күйінің аясында құрметті меймандарды ду қол шапалақпен, дөбелені қоздырған айғаймен

қарсы алды. Екіге жарыла сап түзеген жас спортшылар Канат ағасының қолын ұстап қалу ойларын жүзеге асырып, қошеметпен төрге шығарды.

Салтанатты жиын Әнұранмен шымылдықын айқара ашты. Өңір басшысы Әлібек Жаканбаев Канат Исламның қазағымызды, қасиетті мекеніміз Қазақстанымызды әлемге танытып жүрген ерен енбегін жоғары бағалап, «ЕХРО — 2017» халықаралық көрме аясында өткен жекпе-жегінің ел мерейін асырғандығын айтып, алда әлі де көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды асқақтата беретініне сенім білдірді. Спорт шеберлігіне үміткер,



республикалық турнирлердің жеңімпазы, Үшарал №1 орта мектебінің шәкірті Ернұр Айдынов өзінің және өңіріміздегі спортпен айналысып жүрген өрендердің атынан қазақтың мақтанышы Канат Исламның жолын жалғастыратындықтарын айтып, «Алға, Канат!, Алға қазақ! Алға, қазақ жастары» деп ұрандап, өзінің былғары қолғабына қолданбасын қойып беруін сұрады. Сөз алған Канат Ислам жерлестерінің шынайы пейіліне ризашылығын білдіріп, әрдайым халқының артқан сенімінен шығатындығына уәде берді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Байбазаров ақ батасын берді.

Бұдан кейін «QAZAQ» деген лақап атпен танымал, WBA Fede Caribe тұжырымының чемпионы бокспен айналысатын жүрген спортшылармен бокс залында арнайы кездесіп, өмірлік ұстаным, мақсат, намыс аясында ақыл-көнісін беріп, естелік суретке түсті.

Жылы жүздесу ел болашағы жастармен жалғасын тапты. Ол бала Канаттың азамат, ер Канат болғанға дейінгі аралықтағы жүріп өткен жолы жайлы сырын ақтарды. Жеткіншектер өздеріне «пір тұтқан» қазақтың батыры жайлы біліп қалуға тырысып, жан-жақтан сұрақтар қойды. Балалардың намысынан қарап, әр жауаптың соның ұл-қыздарды елжандылыққа, намысты болуға, ел мүддесі үшін қызмет етуге үндейтін сөздермен айышқалды. Тәуелсіздікті тұғырында мәңгілік, бекем сақтау қажеттігін, қазақтың осы бір баға жетпес құндылығы арқылы тарих сахнасында ұлт ретінде жарқырайтындығын жеткізді. Мінезінен қазақы кендік, болмысынан қазақы қайсарлық аңқып тұрған Канат: «Марқұм бәпкерім спортқа келген екі ақылды баланың жоқ дегенде біреуін чемпион жасауға болады. Ал адам ету қиынырақ дейтін еді. Сендер де бірінші кезекте чемпион емес, адам болуды мақсат тұтыңдар. Қайсарлық керек десендер, батырлар жырын оқыңдар. Көпшілік алдында екі сөздің басын қосып сөйлей алмай тұру деген ұят нәрсе, сондықтан көп оқыңдар. Спортта жүрген балалар оқуды да қатар, теңдей алып жүріңдер» деп жас өрендерге адам болып

жүру, азамат, ер ретінде қалу қажеттігін қадап айтты.

«Өз елі, өз ерлерін ескермесе, ел-тегі қайдан алын кеменгерді» деп құлагер ақын Лияс Жансүгіров жырлағандай, елі ерине құрмет көрсетті. Осы кездесу әсерінің әр баланың санасына нұр құйғаны хақ. Олар да қазақтың Канаттыңдай болуды армандап, алдарына бір-бір мақсат қойып, жүрегі қуанышқа толып, көрген-білгендерін сыныпастарына, отбасындағы жақындарына айту үшін асыға басып барады.

ЖҰЗУ БАССЕЙНІ БОЙ КӨТЕРМЕК

Талдықорғанда жақын арада жабық жүзу бассейні салына бастайды. Ол «Жастар» саябағына жалғаса, жаңа онтүстік-батыс тұрғын аймағында орналаспақ. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов айтты.

Жаңа жүзу бассейнінің құрылысы келесі жылдың басында басталады. Нысан екі жылдан кейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Олимпиадалық стандарттарға сәйкес салынатын бассейн алаңы 27 мың шаршы метрді құрайды. Тағы бір ерекшелігі — сәулет келіп балыққа ұқсаған.

— Біз қашанда спортқа ерекше мән беруге тырысамыз, өйткені спорт — ұлттың саулығы. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үнемі айтып жүреді. Сондықтан елімізде теңдесі жоқ бассейн салуды қолға алмақпыз. Бұл уақыт өте келе Талдықорғанды су спорты түрлерінің орталығына айналдыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын, — деді Амандық Баталов.

Сонымен қатар өңір басшысы жаңа бассейнде әлемдік деңгейдегі жарыстар өткізуге болатынын айтты. Себебі жаңа ғимарат 4 бассейнді қамтиды. Екеуінің ұзындығы 50 метрден, ені 25 метрден, тағы екеуі олимпиадалық ойындарға арналған: біреуі жаттығуға, екіншісі жарысқа лайықталған.

— Мұнда су спорты түрлерінен әлем чемпионатын өткізуге болады. Ал жарыстан тыс уақытта қала тұрғындары осы ғимаратта жүзумен айналысуға мүмкіндік алады. 50 метрге жүзуді әркім де қалайтын шығар. Мұнда ең үздік жаттықтырушылар жұмыс істеп, болашақ чемпиондардың шынығуына қажетті барлық жағдайлар жасалады. Мұның бәрі — халықтың игілігі үшін, — деді облыс әкімі А. Баталов сөзін қорытындылап.

«Плюс Акцент» ЖШС Сәулетшісі Есім Мамановтың айтуынша, бассейн құрылысын жобалау кезінде оның көп салалығына, жайлылығына және эстетикалық кейпіне ерекше мән берілген.

— Ғимарат жер деңгейінен төмен, ал трибуна деңгейі 3 метрге жоғары салынады.



жылға J.S Travel ЖШС-ға жалға берілген екен. Осы тұста «Көлсай көлдері» ұлттық паркіндегі туризм саласы қарыштап дамып келе жатқанын айта кету керек. Бар-жоғы он жылдық тарихы бар, жас мекеме үшін жоғарыда айтылған жетістіктері — ауыз толтырып айтарлықтай дәреже. Болашағы зор мекеме әлі де биік асударды бағындыраы сөзсіз.

Көзін тауып ұйымдастыра білсе, көз жауын аулар ғажап табиғаты сан алуан кейіптегі орман-тоғайлары мен тау-тастары, өзен-көлдері қонақтарды ғажайып әсерге бөлеп, бос уақыттарын демалыспен, мәдени сауықтырумен өткізетін нағыз өркениетті орын болары анық. Табиғатты туған анандай түсініп, оған туған бағытында табанып, табиғатты туған ұлындай қорғауың қажет. Осы үш ұғымды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес.

33 команда қатысып, бағын сынасты. Облыстық слет әр ауданда кезек-кезегімен жыл сайын ұйымдастырылады. Көксу ауданында үшінші рет өткізілуде. Ауданның табиғи жағдайы, тауы мен тасы, өзені мен суы осындай додаға таптырмас орын. Жиынның салтанатты ашылуында облыстық спорттық туризм, туристік қоспасы және экскурсия федерациясының президенті әрі бас төрешісі Александр Бобрусов барлығына сәттілік тілей келе, жарыстың шартымен таныстырды. Қатысушылар жас деңгейіне қарай топтастырылып, команда бойынша сайысқа түсті. Алғашқы күні жас балаларға арналып экскурсия жасалды. Командалар тау, жер, су туризмі бағытында әртүрлі додалар бойынша өнер көрсетті. Бәсекеге соңғы жылдары Алматы қаласындағы Қазақ туризм және

ҚАНАТПЕН КЕЗДЕСУ

Қазақстан жұртының мақтанышына айналған былғары қолғап шебері, кәсіпқой бокстан Қариб аймағының үздігі, әлем чемпионы, «WBA FEDELATIN», «WBO INTER CONTINENTAL» тұжырымдарының жеңімпазы, алты Алаштың атағын алты құрлыққа әйгілі еткен Канат Ислам айдынды Алакөл ауданына арнайы ат басын бұрды.

Мұқым елдің айбарын асырған сом білекті, күрзі жудырықты Қанатты барша алақалдіктер құрметпен қарсы алды. Аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт сарайының ғимаратына

Амфитеатр формасында болмақ. Бұл көрермендерге спортшылардың әрбір қимылын жіті бақылауына мүмкіндік беру үшін жасалып отыр. Тағы 5, 7, 10 метрлік трамплин жоспарланған. Сонымен қатар бассейнді синхронды жүзу үшін пайдалануға болады. Бассейнді қаланың көрнекті орындарының біріне айналдыру — алдымызға қойылған мақсаттың бірі. Сондықтан оның сыртқы келбетіне ерекше талғаммен қаралық. Ең соңында балық кейпіне ұқсайтын формаға келіп тоқталдық, — деді Есім Маманов.

Жабық бассейн жертелесі бар үш қабатты ғимарат болмақ. Әмбебап бассейн жүзу, аквааэробика, судаян шөген, суға секіру бойынша оқу-жаттығу өткізуге, тұрғындар үшін сауықтыруға арналған жүзуге, балаларды жүзуге үйретуге, сол сияқты көрермендердің қатысуымен өтетін жарыстарға арналған. Көрермендер трибунасына 2 мың адам сияды. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да жүзумен айналысуына жағдай жасалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыдағы жазбалардан-ақ өңіріміздің туризмді өркендетуге қолдайы аймақ екенін бірден атаруға болады. Десе де, осы саланы дамытудың оңтайлы бағыты айқындалғанымен, әлі де қолдау мен көмекті қажет етеді. Сондықтан ел болып ұйысып, жұрт болып жұмылып, туризм саласын дамыту арқылы өлкеміздің мерейін асыратын жақсы істерге қаршы болсаңыз жөн. Ал спорт саласына ойыспатан болсақ, жоғарыда айтып өткендей, үлкен жетістіктеріміз бар. Әсіресе, кейінгі жылдары спорт пен туризмнің өзара сәйкесе отырып, жарқын даму дағдылына түскенін байқауға болады. Бұл да бүгінгі күннің жетістігі. Тек осы табысымызды тауысып алмай, ары қарай дамыту беру үшін табандылықпен еңбек етуіміз керек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

БІЗ ДЕ БАЛА
БОҒАНЫҒЫЗ

ҰНАТҚАН ҚЫЗҒА
ҰМЫПАЙТЫНДАЙ
СЫЙЛЫҚ

Мектепте оқып жүргенімде ұнатып жүрген қызым мені ренжітіп қойды. Содан «осыдан өш алмасам, Ақжол болмай кетейін» деп ашуландым. Сыныпта кезекшілік кезегім келгенде айла ойластырайын деп шештім. Қоңырау соғылғанда барлығы сыртқа шығып кетті. Қақаған қыс мезгілі еді. Ары ойланып, бері ойланып пальтосының түймелерін алып тастайын дедім. Ондағы ойым түймесін таппай әлекке салу. Жалғыз өзім ғана қалғанда айламды жүзеге асырайын десем, оның сыртқы киімін шатастырып алмасым бар ма. Көптің ішінен дәл соныкін таппаймын. Сөйттім де қолымдағы қайшымен барлық қыздың сырт киімінің түймесін сыпырып алдым. Балайық деп осыны айтыңыз. Үйге қайтар уақытта қыздар киімін киіп жатып, бір-біріне қарап, не болғанын түсіне алар емес. Сынып шулап кеткен. Түймесі қалай жоғалғанын біле алмай әлек. Түсіп қалатындай босап тұрған жоқ. Ал мен ішімнен біреуінің ғана емес, барлығының есі шыққанына ризамын. Сондағы жинап алған түймелерді Үрзана деген апам апарып бергенмін. Ерtesіңнен директордың құлағына жетіп, менен жауап алды. Түймелерді қайтадан әкелуімді тапсырды. Оны білген қыздар маған ренжіп, кейіннен «әй, бұзық» деп 11-сыныпқа дейін айтып жүретін. Осылайша өзім ұнатқан қызға мені ешқашан ұмытпайтындай естелік жасадым.

СЫНЫПТАСЫМНЫҢ ТҮБІНЕ
ЖЕТЕ ЖАЗДАДЫМ

10-сыныпта Шымкенттегі Қарсыбай Сыпатаев атындағы мектепте оқыдым. Мұнда

интернат болғандықтан, балалар ауыл-ауылдан келіп оқиды. Мектепте белсенді оқушының бірімін. Баян, пианино, гитарада ойнаймын. Өншен өнерлі жиналған біздер аудандарға барып концерт қоямыз. Бірде Зоя Космодемьянская қойылымын қойдық. Мені басты режиссер етіп сайлады. Бір жағынан қосымша Гитлердің рөлін сомдауым керек. Ағаштан

Ақжол
МЕЙІРБЕКОВ,
ӘНШІ, «Дос
Мұқасан»
ТОБЫНЫҢ
МҮШЕСІ:



автомат жасап, бас киімімізге крест қойып, образға барынша ендік. Соңына тағанда қолы байлаулы Зоя «фашистерге өлім, біз жеңеміз» — деп айқайлайды. Одан кейін сценарий бойынша мен оны дарға асуым керек. Білместік пе, бір жағынан рөлге берілгендігіміз бе, жіпті тартып



«Қамаудан»
да шықтым

қалдым. Карасам, тамағы буылып қалыпты. Залдағы көрермендердің көзі шығып кете жаздады. Қойылым солай болу керек дейін десе, ана қыздың көзі ойнап, кетіп бара жатыр. Тіпті аяғы жыбыр-жыбыр етеді. Біз де өзіміз қас-қағым сәтте не болғанын түсінбей, дереу шешіп алдық. Төбемнен жай түскендей күйде түстім. Әлі күнге достарым мазақтап күліп алады. Сол кезде қатты қорыққанымызбен бұл да балалық шақтағы ең бір есте қалар естелік екен.

Жоғары оқу орнын Өзбекстанда оқыдым. 5-курсан кейін барлығымызға әр бейсенбі сайын арнайы әскери дайындық сабағы болатын. Онда БТР, үлкен Зил, Уралдарды айдауға командир

қажеттіні алып, 2-3 сағаттан соң бір-ақ оралдық. Негізі қоршаудан шықпауымыз керек. Келгесін «сендер курсанттар, әскери тәртіпті бұздыңдар» деп қамауға бұйырды. Ротаның бастығы Нуриддин деген досым староста болатын. Ол маған «командир айтқан соң, сені досым болсаң да тұтқындаймын» — деп қояды. Осылайша 1 аптаға «ғұбаға» қамалдық. Барлығы маған «Біз үш айлан соң үйге барамыз. Диплом аламыз. Ал сен нағыз солдат болдың. Өйткені «ғұбаға» отырмаған жауынгер, жауынгер емес» деп күлді. 9 мамыр жақындап келеді. Онда өнер көрсететіндердің қатарында мен де бармын. Сонымен екі күн өткесін командир келіп «Мейірбеков концертке дайындалуы керек» деп мені шығаруды тапсырды. Міне, осылайша «ғұбадан» 1 апта емес, өнеріміз арқасында 2 күннің ішінде шығып кеткен жайым бар.

Дайындаған
Салтанат ШЫРЫНХАН

Алғашқы ондықтың қатарында

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары бәсекеге қабілеттілігін тағы да растап QS рейтингінде Дамушы Еуропа және Орталық Азия елдерінің (EECA – Emerging Europe & Central Asia) 10 үздік жоғары оқу орны қатарына енді.

ҚазҰУ-дың QS рейтингінде табысты түрде алға жоғарылауына кешенді құрылымдық модернизация және енгізілген жүйелі өзгерістер ықпал етті. Атап айтқанда, нәтижеге бағдарланған басқару жүйесі, процестерді басқару және жетістіктерді рейтингпен бағалау енгізіліп, халықаралық ынтымақтастық пен интернационалдандыру белсенді дамуда және инфрақұрылым жетілдірілуде. 10 жетекші ЖОО тізімін Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті бастап,

TOP UNIVERSITIES				
Rankings	Discover	Events	Prepare	Apply
10		Al-Farabi Kazakh National University		
11		Tomsk State University		
12		Bilkent University		
13		Moscow Institute of Physics and Technology (MIPT / Moscow PhysTech)		
14		Jagiellonian University		

екінші орынды да Ресейдің Новосібір мемлекеттік университеті еншіледі. Эстондық Тарту университеті, чехтік Карлов университеті және ресейлік Санкт-Петербург мемлекеттік университеті сәйкесінше үшінші, төртінші және бесінші орындарды иеленді.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азиядағы 10 үздік ЖОО енген бірден-бір университет. Осылайша университет өзінің көшбасшылық орнын тағы бір дәлелдеді. ҚазҰУ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік 200-үздік университет және ең дамыған 30 мемлекет қатарына кіру мақсаттарын жоспарлы түрде жүзеге асырып келеді.

ЖАҒАНА ЖОБА

Қазан айынан бастап «Хабар» телеарнасында «Ана мен бала» жобасы көрерменге қол тартты. Бағдарлама жас аналар мен жаңа туған сәбилердің денсаулығы, бала тәрбиесі, ұлттық салт-дәстүріміз бен ұмыт болған жоралғыларымызға қатысты сан алуан тақырыптарды арқау еткен. Біз әлеуметтік ток-шоудың жүргізушісі, белгілі әнші, бес баланың анасы Қарақат Әбілдинамен бағдарлама туралы тілдескен едік.

— Қарақат ханым, «Хабар» арнасындағы «Ана мен бала» бағдарламасын жүргізіп жүрсіз. Жаңа жоба туралы халықтың пікірі қандай?

— Жоба эфирге шықпай тұрып паракшама жазылған пікірлердің барлығы өте жақсы болды. Бірде-бір теріс жазылған, артық ауыз сөз оқығам жоқ. Ал бағдарламаны көргеннен кейінгі көрерменнің әсері, тіпті керемет, оң ойларды нақтылай түскендей. Яғни дер кезінде, нағыз керек уақытында ашылған, өте пайдалы, әсіресе жас аналардың көзін ашатын хабар. Өзімде осы бағдарламаны жүргізгеннен бері біраз түсініксіз сауалдарға жауап алдым. Өмірдің бәрі шоудан, концерт, ән, билен тұрмайды ғой. Сондықтан бір мезгіл осындай тағлымды, айтары мол бағдарламалардың болғаны қажет-ақ.

— «Ана мен баланың» мақсатына тоқталсаңыз...

— Отандық телевизияда біздің басты құндылығымыз — балалар жайлы, оларды қалай өсіріп, тәрбиелеу керектігі туралы ата-аналарға ақпарат, кеңес беретін бағдарлама жоқтың қасы. Сол себепті, мұндай жобалардың «көк жәшікте» көрсетілуі өте маңызды. «Әлемнің шуағы ана, өмірдің мәні бала» деп жобаның алғашқы саны шыққан күні өзіміз үшін нақты мақсаттар



— Бұл тақырып табиғатыма жақын болған соң, ауыртыпашылықты сезініп жүрген жоқпын. Дәл қазір өзімнің көңіл күйіме, жандүниеме сәй келгендіктен, ұнайды.

— Форматы да, жанры да екі бөлек жобалар ғой. Айырмашылықты сезініп жүрсіз бе?

— Әрине, «Бенефис шоу» әншілер, бишілер жарқ-жұрық етіп, ән салып, мүлде басқа энергетика еді. Ал «Ана мен бала» сабырлылыққа шақырады, жалпы адамның көңіл күйіне, өмірге деген көзқарасына әсер етеді. Сонымен қатар көркем мінезді қалыптастырып, баламен сұхбаттасу, баланың пікірін тыңдау, баланың

«Ана мен бала»



қойған едік. Олар: отбасы құндылықтары, күнделікті тіршілікке қажетті кеңестер, мағыналы сұхбат. Бала күтімі, бала тәрбиесі, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымыздың бұрмалануына жол бермеу, керісінше қайта жаңғырту мәселелері айтылады. Осы уақытқа дейін біз «пайдалы кеңес», «құнарлы ас» айдарларында баланы қыркынан шығару, «Қалжалау», келіндерге берілетін «Ұлтабар», «Ми патау» ұлттық тағамдары туралы көптеген мәліметтер бердік. Студиямызға келген үлкен кісілер өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, салт-жоралғыларды дұрыс жасау жолдарын үйретті. Сондықтан «Ана мен бала» алға қойған мақсаттарды орындап келе жатыр.

— Бұған дейін «Бенефис шоу» қыдырәлі мырзаны жүргізіп, міндеттеріңіз екіге бөлінетін. Жалғыз жүргізген қалай екен?

Салтанат ШЫРЫНХАН

ТААҒЫ

Бүгінде өзекті мәселеге айналған латын әліпбиінің

Әдіскерлер тәжірибе алмасты

жаңа нұсқасы жөнінде филология ғылымдарының докторы профессор Әлімхан Жүнісбек баяндама жасап, әліпбиді жан-жақты түсіндіріп, жаңа реформаның фонетикалық тұрғыдағы қажеттілігіне тоқталды. Ол «Бүгінгі латын әліпбиіне ауысу — жазу реформасы деп түсіну қажет. Қазіргі емле ережесінің біршама жансақ тұстары бар. Сөздің морфем құрамы және буын тұрқы да бұзылуда. Орфографиядағы тасымалдың өзі дыбыс емес, әріп тасымалына айналды. Сондықтан осы латын әліпбиіне ауысу барысында осындай қателерді түзетіп алған жөн. Қазақ тіліне тән 9 ғана дауысты дыбыс бар. Дауыссыз дыбыстарға келер болсақ, мұндағы у (ү) дыбысы бүгінде қоғам арасында кері пікір тудырып жатыр. Бірақ бұл дыбысты кирилл әліпбиінде қосарлы дыбыс деп беріп, өзіміздің бармаызда шатасу бар. Яғни бірде дауысты, бірде дауыссыз қолданылып жүр. Дегенмен бұл дыбыс қазақ тілінде дауыссыз у дыбысын береді. Себебі қазақ сөзінің ішінде «буын дауысты дыбыстан басталмайды» (А. Байтұрсынұлы) деген ереже бар. Мәселен, суы сөзінің буын құрамы су-ы болып, алғашқы буын дауысты у дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты ы дыбысынан



басталып тұр. Ал бұл жерде «қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды» деген ережені қалай дәлелдейміз?! Мінекей, көріп отырғандарыңыздай, бұл қазақ тіліндегі ерекшеліктерін сәйкес келмейтін у дыбысына тоқталып отырмыз», - деді.

Тіл үйретудегі түйінді мәселелерді тиімді тәсілмен шешудің жолын ұсынған Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Phd доктор, қауымдастырылған профессор Арай Қанапияқызы қазақ тілін оқытуда

қолданылатын инновациялық технологиялар жөнінде баяндама жасап, қажетті ақпараттармен бөлісті. Ол «Оқу үдерісінде білім алушылардың білім, білік, дағды әрекеттерін, сондай-ақ еліміздің ертеңі — жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өзінің туған тарихы мен тілін құрмет ететін, атамекенін ардақтайтын, әдет-ғұрпын сүйетін азамат болып қалыптасуын мақсат ететін тапсырмалар қажет», - деді.

Білім алушы, ең алдымен, мәдени кеңістікте өз орнын табуы тиіс. Бұл үшін білім беру үдерісінде қол жеткізетін нәтижелердің басымдылығына назар аударылып, тілдің теориясы мен тарихын әдістемелік негізге сабақтастырғанда ғана білім алушы пән мазмұнын жетік түсініп, тапсырмаларды орындауда жоғары нәтижеге қол жеткізе алады. Оқытудың жаңа мазмұнын меңгерту қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихында жылдар бойы жинақталған әдіс-тәсілдермен қатар жаңа инновациялық технологияларды пайдалануды көздейді.

Сонымен қатар әр оқулықтың өзіндік мазмұнын тереңінен ашатын хрестоматиясы, аудио, видео қосымшалары болуы тиіс...

Рүсәл ДОСТАЕВ

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы
меншікті тілші

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым

Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші

Рүсәл ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШЕВ — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мендібай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.	Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2135; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 52 000 дана
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.	
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.